




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді аталған елдің мемлекеттік мерекесі – Ресей күнімен құттықтады.

– Қазақстан бауырлас Ресеймен стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында дәйекті түрде дамып келе жатқан достық әрі тату көршілік қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Сіздің жуырда Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз айрықша мәнге ие. Оның нәтижесі өзара тиімді ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтіп, ауқымды жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруға тың серпін берді. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекетаралық байланыстар алдағы уақытта барлық салада қарқынды дами береді деп сенемін, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің Ресей Федерациясының игілігі мен өркендеуі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.



ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ – ТАРҚАТЫЛМАҒАН ТҮЙІН

Премьер-министрдің орынбасары әрі Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің былтыр 19 қарашада айтқан халықтың нақты табысын 2026-2028 жылдар аралығында жыл сайын кемі 2-3 пайызға арттырып отыру жоспары қоғамда әлі күнге қызу талқыланып келеді. Дегенмен ресми статистика бойынша, жалпы ішкі өнім жоғары қарқынмен өсіп жатқанымен, былтыр халықтың нақты табысы төмендеген.

→ 5

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің Төрағасы Марлен Маматалиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Марлен Маматалиевке ілтипат білдіріп, оның Қазақстанға алғашқы ресми сапары екіжақты қарым-қатынасты нығайту тұрғысынан айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

– Елімізге арнайы келгеніңізге қуаныштымыз. Сапарыңыз өте маңызды. Бұл екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп сенемін. Елдеріміз арасында ешқандай түйткіл немесе түсініспеушілік жоқ. «Қазақ-қырғыз – бір туған» деген сөз бар. Бір кеңістікте бауырлас, тату болып, арамыздағы қарым-қатынасты нығайта береміз. Қырғыз Республикасының экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Біз бұл оң үрдісті қолдаймыз. Қырғыз Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Мұны Қырғызстан мен Орталық Азия елдері үшін тарихи оқиға деп айтуға болады. Осыған орай Президент Садыр Нургожоевич

Жапаровқа құттықтау хат жолдадым, – деді Президент.

Марлен Маматалиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесу үшін алғыс айтып, Президент Садыр Жапаровтың ыстық ықыласын жеткізді.

– Қырғыз тарапы Сіздің басшылығыңызбен іске асырылған ауқымды конституциялық өзгерістерді қолдайды. Мен мұны сенімді түрде айта аламын. Бұл әділетті әрі озық Қазақстанды құруға берік негіз қалайды. Сізге және бауырлас Қазақстан халқына бейбітшілік, бақ-береке тілеймін. Қолға алған реформаларды табысты жүзеге асыруларыңызға тілектеспін, – деді Жоғорку Кенеш Төрағасы.

Кездесу барысында парламентаралық байланыстарды дамыту және жоғары деңгейде қол жеткізілген екіжақты уағдаластықтарды заңнамалық тұрғыдан тиімді қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Екі елде жүргізіліп жатқан жүйелі әлеуметтік-экономикалық реформалар жөнінде мазмұнды әрі егжей-тегжейлі әңгіме өрбіді.

Президент пен Жоғорку Кенеш Төрағасы Қазақстан мен Қырғызстанның стратегиялық серіктестік және одақтастық қарым-қатынасын жан-жақты дамытуға бейіл екенін растады.

ҰРПАҚ КЕЛЕШЕГІ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ

Елде қосымша білім беру жүйесі жаңғыртылады. Жасөспірімдер қылмысының белең алуы бұл мәселені өзекті ете түсті. Себебі ғылым, өнер, спортпен шұғылданған баланың ерігіп ермек іздеуге, көшенің шаңын қағып бос сенделуге уақыты да, құлқы да болмайды. Ал қолы бос, еш еңбекке тартылмаған жеткіншек не телефонның тұтқынына айналады, не басқа бір бәлеге жолығуы мүмкін. Елде Оқушылар сарайы жетіспейді, жастардың заманауи дағдыларын дамытуда проблема жетерлік. Жас ұрпақтың білімі мен дарынын ұштауда не істелмек?

→ 8



13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ҚЫРҒЫЗСТАН ЖОГОРКУ КЕНЕШІНІҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен алғаш рет келген Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің Төрағасы Марлен Маматалиевпен кездесті. Кездесу барысында тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.

Мәулен Әшімбаев мейманға ілтипат білдіре келе, өзара сенім мен достыққа негізделген жоғары деңгейдегі диалогтың арқасында қазіргі таңда Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынас дәйекті түрде дамып келе жатқанын атап өтті. Соның нәтижесінде екіжақты ынтымақтастық сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Осыған байланысты ол екі ел басшыларының бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қолдаудың және парламентаралық байланыстарды, соның ішінде халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызына назар аударды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан мен Қырғызстан — тек тату көрші емес, ғасырлармен өлшенетін ортақ тарих, мәдениет және дәстүр біріктіретін бауырлас халықтар екенін үнемі айтып келеді. Бүгінде екі ел арасында сенімді саяси диалогқа, өзара қолдауға және көпдеңгейлі ынтымақтастыққа негізделген берік серіктестік дәйекті түрде дамып келеді. Мемлекет басшыларының күш-жігерінің арқасында одақтастық қатынастарымыз нығайып, екіжақты ынтымақтастық сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілді. Қырғызстан Президенті Садыр Нұрғожаұлы Жапаровтың

2024 жылы Астанаға және Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы тамызда Бішкекке жасаған ресми сапарлары екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін берді. Бүгінде екі ел арасындағы парламентаралық байланыстар да қарқынды дамып отыр», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар тараптар Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы мен V Еуразиялық экономикалық форумның қорытындыларына назар аударды. Бұл ретте Қазақстан мен Қырғызстан Парламенттерінің алдында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету міндеті тұрғаны айтылды. Экономиканың негізгі салаларын цифрландыруға және жасанды интеллект технологияларын өзара мүдделерді ескере отырып қауіпсіз енгізуге арналған бірыңғай құқықтық базаны жедел қалыптастыру мәселелері де сөз болды. Сондай-ақ өңіраралық ынтымақтастықтың әлеуетін дамытуға қатысты міндеттер айқындалды.

Өз кезегінде Марлен Маматалиев Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларға жоғары баға беріп, парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді, сондай-ақ, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге бағытталған бірлескен жобаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелеріне қызығушылық танытты.

УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІНЕ ДИПЛОМ ТАПСЫРДЫ



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев университет түлектеріне диплом тапсыруға арналған салтанатты рәсімге қатысты.

Палата Спикері жас мамандарды құттықтай келе, Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде ауқымды жаңғыру үдерістері жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Кешенді жұмыстың дәйекті жалғасы ретінде конституциялық реформа жүргізіліп, жаңа Конституция қабылданды. Бұл — Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға, мемлекеттің ұзақмерзімді тұрақтылығының берік негізі және

жаһандық сын-қатерлерге уақытылы берілген жауап.

Сондай-ақ елді жаңғырту және саяси жүйені кешенді түрде реформалау жолында заңнамалық бастамаларды қамтамасыз етумен қатар, білікті әрі жауапты мамандардың да рөлі ерекше екеніне баса мән берілді. Жаһандық технологиялық және әлеуметтік трансформациялар дәуірінде жаңғыру миссиясы негізінен жас буынға жүктеледі. Сон-


дықтан Мәулен Әшімбаев еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірінің дипломы — жоғары білім алғанын растайтын құжат қана емес, қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік екенін айтты.

Сенат Төрағасы өз сөзінде NU университеті отандық ғылымды, инновацияларды және адам капиталын дамыту жолында маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ ол университет өзінің басты миссиясын нәтижелі жүзеге асырып келе жатқанына назар аударып, аталған оқу орны Қазақстанда озық зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, заманауи академиялық стандарттарды енгізуге және еліміздің жоғары білім беру жүйесін жаңғыртуға үлкен ықпалын тигізіп отырғанын тілге тиек етті.

Салтанатты рәсім барысында Мәулен Әшімбаев жас мамандарға өмірлік бағдар болатын маңызды бағыттарға да тоқталып өтті. Бұл орайда Сенат Төрағасы кәсіби біліктілік, дұрыс құндылықтар және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру табысты мансаптың негізі екенін айтты.

МӘЖІЛІСКЕ ҚЫРҒЫЗ ПАРЛАМЕНТІ СПИКЕРІ КЕЛДІ

Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің төрағасы Марлен Маматалиев Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келді. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановпен кездесуде тараптар парламентаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.



Мәртебелі мейманды қарсы алған Ерлан Қошанов қазақ пен қырғыз халықтарын ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар, сондай-ақ ғасырлар бойғы бауырластық біріктіретінін атап өтті. Сондықтан бүгінгі таңда екі ел арасында берік байланыс орнаған. Біздің халықтарымыздың болашағын да бөліп қарастыруға болмайды.

— Президенттеріміз Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаровтың саяси ерік-жігерінің, сындарлы саясатының арқасында қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Мемлекеттеріміздің басшылары достықты бекемдеп, бірлесе даму үшін қолдан келгенін бірлесіп жасауда. Ұнтымақтастықтың одақтастық сипатын жоғары деңгейдегі кездесулер айшықтап отыр. Біз өз тарапымыздан мемлекеттеріміздің басшылары арасындағы уағдаластықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін парламентаралық ықпалдастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз, — деді Мәжіліс Спикері.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің рөлі ерекше екеніне назар аударды. Онда парламентаралық басшылары деңгейінде әріптестіктің маңызды тақырыптары тұрақты түрде көтеріліп жүр. Мәжіліс Төрағасының пікірінше, екі ел депутаттары туындаған барлық мәселені достық топтары мен салалық комитеттер деңгейінде талқылай отырып, уақытылы шешілуіне елеулі үлес қосып келеді.

Әңгіме барысында тараптар ТМД Парламентаралық ассамблеясы, ҰҚШҰ Парламенттік ассамблеясы, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы және ТүркПА сияқты көпжақты парламентаралық алаңдардағы тиімді ынтымақтастыққа да тоқталды.

Ерлан Қошанов қырғыз әріптесіне соңғы жылдары Қазақстанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалар туралы мәлімет берді. Осы бағыттағы негізгі қадамның бірі жалпыхалықтық референдумда жаңа Конституцияның қабылдануы

және оның қағидадарының кейіннен Парламент қабылдаған заңдарда бекітілуі болды. Атап айтқанда, Жоғорку Кенеш депутаттары «Президент туралы», «Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» және басқа да конституциялық заңдардың негізгі ережелерімен танысты.

Өз кезегінде Марлен Маматалиев қазақстандық әріптестеріне қонақжайлығы үшін алғыс айтып, алдағы тамыз айындағы Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық жүргізу және өткізу ісіне табыс тіледі.

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты сөз еткен Қырғызстан Парламентінің басшысы екіжақты тауар айналымының қазіргі серпініне қанағаттанатынын айтып, индустрияландыру, ауыл шаруашылығы, туризм және «жасыл» энергетика салаларындағы серіктестікті тереңдету перспективаларына тоқталды.

Кездесу барысында тараптар заң шығару саласында тәжірибе алмасуды және өңір үшін өзекті мәселелер бойынша диалогты жалғастыруға уағдаласты. Атап айтқанда, азық-түлік қауіпсіздігі, су және энергетика салаларындағы ынтымақтастық мәселелері қаралды.

Екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың тағы бір маңызды бағыты ретінде цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жайы айқындалды. Ерлан Қошанов ол үшін Қазақстан мен Қырғызстанның қажетті құқықтық және институционалдық негізі дайын екенін атап өтті. Екі елде де Цифрлық кодекс қабылданып, жасанды интеллектке негізделген инновациялық жобалар мемлекеттік органдардың жұмысына белсенді түрде енгізілуде. Бұл ретте тараптар осы салада да тәжірибе алмасуға келісті.

Қырғыз Парламенті делегациясының бағдарламасында ресми кездесулерден бөлек, Alem.ai жасанды интеллект орталығына, «Астана» халықаралық қаржы орталығына бару және елордадағы мәдени нысандарды аралау жоспарланған.

БАҒДАР

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА: «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ «ӘДІЛЕТКЕ» ҚОСЫЛАДЫ

Астанада «АМАНАТ» партиясының кезекті съезі өтті. Оның қорытындысы бойынша партия мүшелері мемлекетті дамыту бағытында атқарылған жұмыс нәтижесін қорытындылап, «Әділет» партиясына қосылу идеясын қолдады. Бұл шешім Мемлекет басшысының ел дамуының жаңа кезеңінде барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштерді жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде топтастыру туралы үндеуіне қолдау көрсету мақсатында қабылданды.

Съезд жұмысына Қазақстанның барлық өңірінен келген делегаттар, Саяси кеңес мүшелері, Парламент депутаттары, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты. Жалпы саны 1 500-ден астам адам бас қосты.

Өз сөзінде Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың табысты жүзеге асырылып жатқан реформалары бүгінде жаңа қоғамның іргетасы мен мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырып жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, қазір тәуелсіздікті нығайту, халықтың әл-ауқаты мен бірлігі, ұлт тұтастығы секілді басты құндылықтар алдыңғы қатарға шықты. Мемлекет басшысының батыл шешімдері арқылы биліктің барлық институты түбегейлі жаңғырып, саяси бәсекелестік күшейді, ал қоғам нақты шешімдер қабылдау үдерісіне ықпал ететін сенімді дауысқа ие болды.

Мәжіліс Төрағасы бұл үдерістердің шарықтау шегі әрі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған саясаттың шынайы жеңісі ретінде жалпыұлттық референдумда қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдаған жаңа Конституцияның қабылдануын атады. Бүгінде еліміз жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Оның негізінде адам, әділдік, заң және прогресс қағидаттары жатыр.

«Қазір біз уақыт талабына, мемлекет мүддесіне және қоғам сұранысына сай келетін қадам жасауымыз керек. Бүгінде еліміз бөлінуге емес, бірігуге ұмтылуы қажет. Сондықтан осы жауапты кезеңде өз ресурстарымызды жаңа саяси күш — «Әділет» партиясына қосуымыз керек.



Осылайша, біртұтас президенттік бағыттағы саяси күш құрамында Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанды бірге құруды жалғастырамыз. Біз өз қағидаттарымыздан, ұстанымдарымыздан және идеяларымыздан бас тартпаймыз. Керісінше, оларды одан әрі күшейтіп, мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа даму деңгейіне көтереміз», — деді Ерлан Қошанов.

«АМАНАТ» партиясының Төрағасы бұл шешімді партияның барлық деңгейдегі мүшелері қолдаған табиғи әрі кемел саяси үдеріс деп атады.

«АМАНАТ — бабалар аманаты әрі болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Әділет — қуатты әрі заманауи мемлекеттің негізі саналатын әділдік. Осы құндылықтарды біріктіре отырып, қоғамдық бірлікті нығайтамыз. Түптеп келгенде, бәріміздің мақсатымыз ортақ — қуатты Қазақстан, гүлденген мемлекет және әрбір азаматтың әл-ауқаты. Біз дәл осы мақсат жолында қабылдап отырған шешімімізді жолдың соңы емес, ортақ тарихымыздың жаңа тарауының бастауы деп білеміз», — деді Ерлан Қошанов.

Съезде Мемлекет басшысының саяси бағытына қолдау көрсету бойынша партия тарапынан атқарылған ауқымды жұмыс қорытындыланды.

Реформаларды заңнамалық тұрғыдан қолдау мәселесі туралы Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы парламенттік фракциясының жетекшісі Айдос Сарым баяндады. Осы шақырылым барысында бастамашылық етілген 118 заң жобасының 104-ін «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары әзірледі. Бұл — барлық заңнамалық бастаманың 88 пайызы. Аталған заң жобалары ел дамуының ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталды. Сонымен қатар депутаттар көптеген депутаттық сауал жолдап, жүздеген мың азаматты қамтыған мыңдаған кездесу өткізді.

Президент саясатының негізгі қозғаушы күшінің бірі ретінде партия әлеуметтік жобалар арқылы қоғамдағы ең өзекті мәселелерді жүйелі түрде шешіп келді. Мәселен, «Қарызсыз қоғам» жобасы 1,5 млн адамның шамадан тыс қарыз жүктемесімен күресуіне көмектесті. «Ауыл аманаты» бағдарламасы 2,5 пайыз мөлшерлемесімен микро-несиелер беру арқылы ауылдық жерлерде ондаған мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. «Жер аманаты» жобасы аясында 15 миллион гектар жер мемлекет пен халыққа қайтарылды. «Цифрлық қоғам» жобасы мемлекеттік органдарды, IT-қоғамдастықты және еріктілерді біріктіріп, барлық өңірде цифрлық сауаттылықты арттыруға ықпал етті. Ал TURGYNDAR AMANATY тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған тікелей диалог орнатты.

Үш жыл ішінде «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының 70 пайызы орындалды. Атап айтқанда, 600 жаңа мектеп салынды, мемлекеттік қызметшілердің, дәрігерлер мен мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысы көтерілді, инсульттік және кардиологиялық орталықтар ашылды, тегін скрининг бағдарламалары іске қосылды. Кәсіби қауым-

дастықтармен жүргізілген тікелей диалогтың нәтижесінде мұғалімдер өздеріне тән емес міндеттерден заңнамалық тұрғыдан босатылып, ауылдық жерлерге жұмысқа баратын дәрігерлер үшін 10 миллион тенгеге дейін көтерме жәрдем-ақы енгізілді.

«АМАНАТ» партиясының қазіргі қызметін қорытындылау аясында делегаттар алдында өңірлердің, әйелдер және жастар қанаттарының өкілдері сөз сөйледі.

Әйелдер қанатының тең төрағасы, Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ партияның жаңа Конституцияны ілгерілетуіне атсалысуға және мемлекеттік басқарудағы әйелдердің рөлін күшейтуге ерекше назар аударды. Мәжіліс депутаты Нұрсұлтан Байтілесов Президенттік жастар кадр резервінің тиімділігін және жас парламентарийлердің IT-саладағы заң шығару жұмысына қосқан үлесін атап өтті.

«Онкоорталық» БПҰ жетекшісі Гүлмира Сағидуллина ауыл тұрғындарына арналған «АМАНАТ Керуені» көшпелі медициналық экспедициясының іске қосылғаны туралы баяндады. Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко Президент бағытын қолдайтынын және жергілікті жерлерде күшжігерді біріктірудің маңызын атап өтті. Ал Орталық бақылау-тексеру комиссиясының мүшесі Әлібек Қадырбеков партияның ішкі жаңғыру жұмысын қорытындылап, партияшілік үдерістер цифрландырылғанын хабарлады.

Съезд жұмысын қорытындылай келе, делегаттар «Әділет» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешімді бірауыздан қолдап дауыс берді. Съезд мақұлдаған бұл бастама партия қауымы елдің жасампаз даму бағыты мен Президенттің стратегиялық саясатын қолдау үшін біртұтас әрі топтасқан алаң ретінде әрекет етуге дайын екенін көрсетті.

М.ТӨЛЕУ



СЕРПІН

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Бүгінгі әлем бұрынғыдан да өзара тәуелді. Бір елдегі су тапшылығы екінші елдің азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді. Бір өңірдегі тұрақсыздық көршілес мемлекеттердің экономикалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан XXI ғасырда табысты мемлекеттер өз мәселесін ғана шешетін емес, ортақ сын-қатерлерге ортақ жауап ұсына алатын елдер ретінде бағаланады. Кейде тарихтың үлкен бетбұрыстары көзге бірден байқала қоймайды. Уақыт өте келе ғана олардың тұтас өңірдің тағдырына, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына және болашақ даму бағытына әсер еткенін аңғарамыз. Бүгінде Қазақстанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығының құрылуы – осындай стратегиялық шешімдердің қатарына жатады.



СЕНІМ

КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ОРТАҚ

БОЛАШАҚ

Бұл бастама ең алдымен Қазақстанға деген халықаралық сенімнің көрінісі. Өйткені халықаралық ұйымдар өздерінің өңірлік институттарын орналастыру кезінде елдің экономикалық мүмкіндігін ғана емес, саяси тұрақтылығын, сыртқы саясаттағы беделін, халықаралық міндеттемелерге адалдығын және өңірлік ықпалын ескереді. Соңғы жылдары Орталық Азия жаһандық саясаттың маңызды кеңістіктерінің біріне айналды. Энергетика, көлік

дәліздері, су ресурстары, климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі сияқты мәселелер өңір мемлекеттерінің ғана емес, халықаралық қауымдастықтың да ортақ күн тәртібіне шықты. Мұндай жағдайда Қазақстанның жауапкершілігі де артып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблея-

сының мінберінен сөйлеген сөзінде Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық құру туралы бастама көтерген болатын. Бұл ұсыныс халықаралық қоғамдастық тарапынан қолдау тауып, бүгінде нақты институционалдық шешімге айналды.

Өңірлік орталықтың Алматы қаласында орналасуы да заңды таңдау деп білеміз. Алматы тарихи тұрғыдан халықаралық ынтымақтастықтың, дипломатиялық байланыстардың және сарапшылық пікірталастардың маңызды алаңы болып келеді. Қалада БҰҰ жүйесінің бірқатар құрылымы мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істейді. Сондықтан жаңа орталықтың қызметі қолданыстағы инфрақұрылыммен және халықаралық институттармен табиғи сабақтастықта дамиды.

Қоғамда кейде мұндай жобалардың қаржылық тиімділігі туралы сұрақтар қойылады. Алайда мемлекет дамуының стратегиялық мәселелерін қысқамерзімді шығын өлшемімен бағалау әрдайым дұрыс бола бермейді. Тарих көрсеткендей, халықаралық бедел, сенім капиталы және институционалдық ықпал көптеген жағдайда тікелей экономикалық көрсеткіштерден де маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның орталық қызметін қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық міндеттемелері нақты айқындалған және халықаралық тәжірибеге толық сәйкес келеді. Ең бастысы, бұл қаражат өңірге халықаралық жобаларды, инвестицияларды, гранттарды және сараптамалық ресурстарды тартуға мүмкіндік беретін тетік ретінде қарастырылуға тиіс.

Жаңа орталықтың қызметі БҰҰ құрылымдарының жұмысын қайталамайды. Керісінше, оның негізгі миссиясы – түрлі бағдарлама мен бастаманы үйлестіру, мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту және орнықты даму саласындағы күш-жігерді бір арнаға тоғыстыру.

Бүгінде әлем алдында тұрған күрделі сын-қатерлердің басым бөлігі шекара таңдамайды. Су тапшылығы, климаттың өзгеруі, экологиялық қауіпсіздік, көші-қон үдерістері немесе азық-түлік тұрақтылығы сияқты мәселелерді бір елдің жеке өзі шеше алмайды. Сондықтан халықаралық ынтымақтастықтың жаңа институттары бұрынғыдан да маңызды болып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Сенат жанындағы Орнықты даму мақсаттары жөніндегі комиссияның қызметі ерекше мәнге ие. Комиссия құрылған уақыттан бері БҰҰ-ның 2030

жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін іске асыру мәселелерін заңнамалық және парламенттік тұрғыдан сүйемелдеудің тиімді алаңына айналды.

Комиссия отырыстарында әлеуметтік саясат, инклюзивті қоғам құру, денсаулық сақтау, сапалы білім беру, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, климаттың өзгеруі, су қауіпсіздігі және өңірлік даму мәселелері тұрақты қаралып келеді. Бұл бағыттың барлығы Орнықты даму мақсаттарының негізгі басымдықтарымен үндес.

Сондықтан Алматыдағы Өңірлік орталық пен парламенттік комиссия қызметі өзара толықтыратын екі маңызды институтқа айналмақ. Бірі халықаралық деңгейде өңірлік үйлестіру міндетін атқарса, екіншісі ұлттық деңгейде заңнамалық және парламенттік қолдауды қамтамасыз етеді.

Бұл жерде тағы бір маңызды мәселені атап өткен жөн. Қазақстан үшін өңірлік орталықтың ашылуы тек халықаралық беделдің артуы емес. Бұл – қазақстандық мамандардың БҰҰ жүйесіндегі қатысуын кеңейтуге, жаңа кәсіби тәжірибе жинақтауға және жаһандық деңгейдегі шешім қабылдау процесстеріне белсендірек араласуына мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан ядролық қарусыздану, өңірлік қауіпсіздік, конфессиялық диалог, халықаралық медиация сияқты бағыттарда өзін жауапты мемлекет ретінде таныта білді. Ендігі кезекте орнықты даму мәселелері де еліміздің халықаралық бастамаларының маңызды бөлігіне айналып отыр.

Шын мәнінде, бұл орталықтың ашылуы – Қазақстанның географиялық орналасуының ғана емес, саяси кемелділігінің, дипломатиялық тәжірибесінің және халықаралық жауапкершілігінің мойындалуы.

Бүгінгі әлемде ықпал ету күшінің жаңа өлшемдері қалыптасуда. Мемлекеттің қуаты оның табиғи байлығымен немесе әскери әлеуетімен ғана емес, адамзаттың ортақ мәселелерін шешуге қаншалықты үлес қоса алатынымен бағаланады.

Алматыда ашылатын БҰҰ-ның Өңірлік орталығы – Қазақстанның дәл осындай мемлекеттер қатарына нық қадам басқанын білдіретін маңызды белес. Бұл – бүгінгі буынның ғана жетістігі емес, келешек ұрпаққа қалатын стратегиялық мұра.

Өйткені тарих мемлекеттердің байлығын емес, олардың өркениеттің ортақ игілігіне қосқан үлесін көбірек есте сақтайды.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының депутаты,

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі



Тарих көрсеткендей, халықаралық бедел, сенім капиталы және институционалдық ықпал көптеген жағдайда тікелей экономикалық көрсеткіштерден де маңызды рөл атқарады.



ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ – ТАРҚАТЫЛМАҒАН ТҮЙІН



■ Премьер-министрдің орынбасары әрі Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің былтыр 19 қарашада айтқан халықтың нақты табысын 2026-2028 жылдар аралығында жыл сайын кемі 2-3 пайызға арттырып отыру жоспары қоғамда әлі күнге қызу талқыланып келеді. Дегенмен ресми статистика бойынша, жалпы ішкі өнім жоғары қарқынмен өсіп жатқанымен, былтыр халықтың нақты табысы төмендеген. Сала сарапшылары арасында осы қайшылық жиі сөз болып кеткен соң, Жұманғариннің өзі арнайы түсініктеме берген еді. Алайда экономистер арасында оның ұстанымына қырын қарайтындар табылып жатыр.

КАЙШЫЛЫҚ НЕДЕН ТУЫП ОТЫР?

Жұманғариннің айтуынша, елдің экономикалық өсімі ЖІӨ-нің нақты көлем индексімен өлшенеді, яғни тұрақты баға мен нақты өндіріс көлемінің өсуінен қалыптасады. Сондықтан салаларда нақты қосылған құн өскенімен, ол ақшалай түсім мен табыс көлемі әрдайым ұлғая береді деген сөз емес. Мұндай айырмашылық мұнай саласында айқын көрінген. Айталық, 2025 жылы мұнай өндіру көлемі 13,3%-ға артқанымен, әлемдік мұнай бағасы 14,4%-ға арзандаған. Яғни өндірісте өсім бар, бірақ ақшалай түсім аз.

«Мұндағы басты мәселе экономиканың құрылымына байланысты. Егер экономикалық өсім капиталды көп қажет ететін немесе шикізат салалары есебінен қалыптасса, оның халық табысына ықпалы уақыт өте келе (белгілі бір кезеңнен кейін) ғана байқалады. Ал құрылыс, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы сияқты еңбек ресурстарына негізделген салалар дамыған тұста бұл әсер халыққа әлдеқайда жылдам сезіледі», — дейді Жұманғарин.

Сонымен қатар оның сөзінше, экономикадағы тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейі ұсынысқа қарағанда жылдамдық өсіп жатыр. Қарапайым тілге салсақ, өндіріс көлемі сұраныстың арту қарқынына ілесе алмай келеді. Бұл бағаға қосымша қысым тудырады. Дегенмен бұл өсіп келе жатқан экономика үшін қалыптасқан жағдай екенін айтады. Өйткені қысқа мерзім ішінде өндіріс көлемін күрт арттыру мүмкін емес.

Оның үстіне, сыртқы факторлар әсері де бар. Кейінгі 4 жылда бұрын-соңды болмаған инфляциялық қысымға ұшырадық. Соның салдарынан экономикалық өсім халықтың нақты табысына соншалық әсер ете қоймайды. Пандемиядан кейін азық-түлік пен энергия тасымал-

даушылар бағасы жер-жаһанда өсіп жатты, логистикалық тізбектер үзілді. Оған қоса, өңірдегі геосаяси шиеленіс, көрші елдер мен әлемдегі инфляция қарқыны үледі, валюта бағамының құбылуы және бар.

ЗИМБАБВЕ ҚАЙДА, БІЗ ҚАЙДА?!

Жұманғариннің бұл ұстанымына сала сарапшыларының көзқарасы біртекті емес. Тіпті, халықтың нақты табысын арттыру мәселесін экономикалық өсімге теліп қоюға да қарсы. Тура осы мәселеге Зимбабвені мысалға келтіріп жатқандар бар. Онда былтырғы экономика көрсеткіші ерекше қарқын алған. Халықаралық валюта қорының мәліметі бойынша, ел билігі 2025 жылға 6,6% өсім болжаған болса, жыл қорытындысы бойынша 7,5%-ға бір-ақ шыққан. Алтынның рекордтық бағасы мен жаңартылған салық жүйесінің арқасында экономикалық өсім биыл да жалғасып келеді. Әйтсе де, осынша жарқын көрсеткішке қарамастан әлемнің ең кедей елдерінің бірі болып отыр, 15 млн-ға жуық халықтың басым бөлігі кедей. Ендеше экономика өсімін негізге алып отыра берсек, Қазақстанның жағдайы да осы сценариймен өрбіп кетпесіне кім кепіл? Бұл да жай айтылған сөз емес. Алдымен 4,6% жұмыссыздық статистикасы бар. «Жұмыс істейтін кедейлер», яғни тапқанын айдан айға әрең жеткізіп отырғандар бізде жоқ емес. Одан бөлек, шамамен 2,2 млн азаматымыз өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Ол еңбекке қабілетті деп саналатын 9,77 млн халқымыздың бестен бірі. Табысы тұрақсыз болғандықтан, олар да кедейлік қаупінен ада емес. Табысы жоғары деп жүргендердің әрқайсының мойнында зейнеткерлер мен жасөспірімдер отырғанын тағы қосайық.

Экономист Асқар Қысықов бұдан да пессимист пайым айта-

ды. Жуырда өткен Atameken Business FORUM-дағы сөзінде ол ел экономикасының ресми өсім көрсеткіштері бірқатар саладағы нақты жағдайды толық көрсетпейтінін мәлімдеген. Оның пікірінше, Үкімет жыл соңына қарай ЖІӨ өсімі 5%-ға дейін қалпына келеді деп болжап отырғанымен, ішкі сұранысқа бағытталған көптеген сала қазірдің өзінде қиын жағдайға тап болған. Айталық, құрылыс саласы негізінен мемлекеттік инфрақұрылымдық жобалар есебінен өсіп отыр.

«Құрылыс саласының құрылымына қарасақ, бүгінде оның негізгі қозғаушы күші теміржолдар, метро, электр беру желілері мен телекоммуникациялық инфрақұрылым нысандарының құрылысы болып отыр. Мұның бәрі мемлекет қаржысына тәуелді. Ал тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылысы анық төмендеген», — дейді ол.

Қысықовтың сөзіне салсақ, құрылыс қана емес, өңдеуші өнеркәсіпте де жағдай осыған ұқсас. Сектордың 43%-ы металлургияға тиесілі. Соған қарамастан сала 6,3%-ға құлдыраған. Ал өсімді негізінен автокөлік пен азық-түлік өндірісі беріп отыр.

Ең күрделі жағдай азық-түлікке жатпайтын тауарлар саудасы, тұрмыстық техника нарығы, жылжымайтын мүлік,

Осы жерде Жұманғариннің статистикасын да айтпай кетуге болмайды. Вице-премьер елде ШОБ жаппай қысқарып жатыр деген уәжбен мүлде келіспейді. Оның салық органдарына сілтеген деректеріне қарасақ, биылғы бірінші тоқсанда 207 912 жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан. Иә, ол алдыңғы жылдарға қарағанда 2-2,5 есе көп. Алайда мәселе аты бар, заты жоқ нысандарда екенін айтады.

«Негізінде бұдан да көп (300 мыңға дейін) жабылады деп күтілген болатын. Себебі арнайы салық режимдерін бизнесті бөлшектеу үшін пайдаланғандар нарықтан кетеді деп болжанды. Талдау нәтижесінде байқағанымыз, 2026 жылы жабылғандардың негізгі бөлігі — табысы, қызметкерлері және нақты қызмет белгілері жоқ белсенді емес кәсіпорындар», — дейді министр.

«САЛЫҚ ПЕН ИНВЕСТИЦИЯДАН БҰРЫН МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ӨЗГЕРТУ КЕРЕК»

Сарапшылар арасында мәселені арыдан тарқататындар да бар. Экономист Сапарбай Жобаевтың сөзінше, билік экономиканың

Шындығында, әртараптандыру қай бағытта жүретінін мемлекет емес, нарық анықтауы керек деген пікірде. Өйткені нені сатып, нені сатып алу керегін нарықтың өзі шешеді.

киім-кешек саудасы, сондай-ақ ойын-сауық және демалыс индустриясында байқалып отыр екен. Бұлар халықтың тұтыну белсенділігіне тікелей тәуелді салалар. Экономистің пайымынша, мұның себебі халықтың сатып алу қабілеті төмендеген. Жоғары инфляция салдарынан былтыр қазақстандықтардың нақты табысы 2,3%-ға азайып, азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындар үлесі 39%-ға дейін қысқарған.

Оның үстіне, азаматтарға шамадан тыс жүктеме болмас үшін тұтынушылық несиесі беру де азайған. Салық реформасынан кейін қосылған құн салығы артқан соң ол бизнеске қосымша жүктеме түсірген.

өсуіне және оның тиімділігін асыруға тырысып жатқанымен, нәтиже көңілдегідей емес. Оған бірнеше себеп бар. Мәселен, билік қалыптасып болған іргелі экономикалық жүйенің тек алғышарттарын өзгертуге басым көңіл болып жатыр. Мысалы, салығын, бюджеттен инвестиция тарту көлемін ұлғайту, тұтынуды шектеу, импортты жерсіндіру, тағы басқалар. Алайда негізгі түйткіл фундаментінде, яғни экономикадағы меншік мәселесінде болып тұр. Жиі айтылып жүрген мемлекеттік кәсіпорындар, компаниялардың ЖІӨ-дегі үлесі 60%-ға жақын жүйеде Үкімет әрекетінің нәтиже беруі қиын деп санайды. Бұл, керісінше, жемқорлықты өршітуі мүмкін. Мұндайда тездетіп әділетті әрі жариялы

түрде жекешелендіру қажет. Сөз ақырын «бақылауды күшейткен сайын жемқорлық соғұрлым өсе береді» деген аксиомаға әкеп тірейді.

Экономист Ғалым Құсайыновтың пікірінше, ЖІӨ-нің халықтың нақты табысына қалай әсер етіп жатқанын анықтау үшін соңғы жыл емес, бірнеше жылдың мәліметін салыстырып қарау керек. Ал қысқа мерзімде нақты табысты жоғары инфляция төмендейтінін, Қазақстанның жағдайында дәл осы фактор негізгі рөл атқарып отырғанына назар аудартады. Елдің қалтасын жұқартып отырған негізінен осы азық-түлік инфляциясы екенін Жұманғариннің өзі де Үкімет отырыстарының бірінде айтқан еді.

Экономистің ойынша, нарықта ұсыныс өспей жатып табыс артып кетсе, оның әсері уақыт өте келе инфляцияға ұласады. Біздің ел қазір осы жағдайды бастан кешіріп отыр. Сондықтан сарапшы алдымен ұсынысты арттыру үшін саудаға бағытталған секторларға инвестиция көлемін көбейту қажет деп санайды. Бірақ көпшілік айтып жүрген экономиканы әртараптандыру тек экспорттық бағыттар арқылы жүзеге асуы керек деген пікірмен келіспейді. Шындығында, әртараптандыру қай бағытта жүретінін мемлекет емес, нарық анықтауы керек деген пікірде. Өйткені нені сатып, нені сатып алу керегін нарықтың өзі шешеді. Ал мемлекеттің бұл жердегі міндеті — жоғары қосылған құны бар, саудаға бағытталған салалардың дамуына қолайлы жағдай жасау керек. Кейін олардың өнімі экспортқа шығарыла ма, әлде импорты алмастыра ма — оны саудагерлер өзі шеше жатар.

Қайткен күнде соңғы сөз Үкіметтің өзінде. Вице-премьер жақын арада 2029 жылға дейінгі «Халық табысын арттыру бағдарламасын іске асыру» жөніндегі жаңартылған кешенді жоспарды таныстыратынын мәлімдеді. Ондағы мақсат құр жалақыны көтеру емес, сапалы әрі тұрақты жұмыс орындарын ашу, адами капиталды дамыту және халықты жұмыспен қамту аясын кеңейту бағыттарына басымдық беріледі. Халықтың нақты табысын тұрақты өсірудің басты негізі де осылар болуға тиіс деп санайды.

ӨЗЕКТІ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Қазақстандықтар ұзақ уақыт бойы баспана бағасының тоқтаусыз өсуіне үйреніп қалған еді. Енді кейбір қалаларда пәтер құны төмендей бастады. Бірақ бұл жақсы жаңалық сияқты көрінгенімен, нарықтағы жағдайдың күрделене түскенін аңғартады. Өйткені бағаның аздап төмендеуі тұрғын үйге деген сұранысты арттыра алмады.

БАСПАНА НАРЫҒЫНЫҢ БАЗАРЫ БӘСЕҢ

А Кәмила ДҮЙСЕН

Мәселен, Ktisha.kz деректеріне сәйкес, мамыр айында ел бойынша пәтер сату туралы хабарландырулардағы баға орта есеппен 0,3%-ға төмендеген. Ең үлкен өзгеріс Ақтауда байқалып, мұнда баспана құны 2,6%-ға арзандаған. Алматыда баға 1,7%-ға, Көкшетау мен Өскеменде 2%-ға төмендеген. Дегенмен бұл үрдіс барлық өңірге тән емес. Мысалы, Түркістанда пәтерлер, керісінше, 1,7%-ға қымбаттаған.

Бір қарағанда, бұл сатып алушылар үшін тиімді кезең басталғандай әсер қалдыруы мүмкін. Бірақ нарықтағы негізгі мәселе бағада емес. Тіпті, шаршы метр құны аздап төмендегенімен, тұрғын үйге сұраныс айтарлықтай артқан жоқ. Керісінше, қазақстандықтар баспана сатып алу мәселесінде бұрынғыдан да сақтық таныта бастаған.

Тағы бір маңызды жайт — пәтер бағасының қысқа мерзімде төмендеуі тұрғын үйдің шынымен арзандағанын білдірмейді. Егер соңғы бір жылдағы көрсеткіштерге қарасақ, баспана құны жалпы алғанда инфляция деңгейінде өсіп отыр. Демек, бүгінгі өзгерістер ұзақмерзімді трендтен гөрі, нарықтың жаңа жағдайға бейімделу кезеңін көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, қазір тұрғын үй нарығында жаңа ережелер қалыптасып жатыр. Егер бұрын сатып алушылар қорқыншыпен шешімді тез қабылдаса, енді керісінше, асықпай, түрлі нұсқаларды салыстыруға көшкен. Ал сатушылар үшін сатып алушыны табу бұрынғыдан қиындай түсті.

Сондықтан бүгінгі негізгі мәселе — қазақстандықтардың баспана сатып алуға деген мүмкіндігі мен дайындығының қалай өзгеріп жатқаны. Nalyk Finance сараптама орталығының мәліметінше, 2026 жылдың мамыр айында тұрғын үй нарығында әрқелкі үрдіс байқалды. Дегенмен айлық өсімнің бәсеңдеуі сұраныстың біртіндеп әлсіреп жатқанын аңғартады.

Ал қайталама тұрғын үй нарығында жағдай өзгеше. Бұл сегментте баға айлық есепте төмендегенімен, жылдық өсім тұтынушылық инфляция деңгейіне жуық болды.

Nalyk Finance сарапшысы Асан Құрманбековтің пікірінше, биылғы жылдың екінші жартысында тұрғын үй бағасының өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда баяу болады.

«Біз жылдың екінші жартысында тұрғын үй нарығындағы баға өсімі өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым ұстамды болады деп есептейміз. Бастапқы нарықтағы бағаға құрылыс шығындарының артуы, салықтық өзгерістер және құрылыс компанияларына қойылатын талаптардың күшеюі әсер етеді. Оның ішінде 1 шілдеден бастап күшіне енетін жаңа Құрылыс кодексінің де ықпалы болады. Сонымен қатар қымбат ипотекалық несиелер, зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шектерінің жаңаруы және қарыз алушылардың төлем қабілетін бағалау талаптарының күшеюі сұранысты шектейді. Соның нәтижесінде бастапқы тұрғын үй бағасының өсімі жылдың екінші жартысында тұтынушылық инфляция деңгейіне жақын болады. Дегенмен тұрақты сұраныс сақталған жекелеген қалаларда бұл көрсеткіш уақытша жоғары болуы мүмкін», — дейді сарапшы.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, мамыр айында бастапқы нарықтағы тұрғын үйдің бір шаршы метрінің бағасы сәуірмен салыстырғанда 0,2 пайызға өскен. Ал екінші нарықтағы тұрғын үй бағасы айлық есепте 0,6 пайызға төмендеді. Дегенмен барлық өңірде бірдей үрдіс байқалған жоқ.

БАСПАНА АЛУ АЗАЙҒАН

Мамыр айында тұрғын үй нарығындағы мәмілелер саны айтарлықтай қысқарды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, елде бір ай ішінде 30 420 тұрғын үйді сатып алу-сату келісімі рәсімделген. Бұл сәуір айымен салыстырғанда 13,5 пайызға аз. Ал 2025 жылдың мамырымен салыстырғанда мәмілелер саны 10,5 пайызға төмендеген.

Ең көп тұрғын үй мәмілелері Астанада тіркелді — 5 122 келісім немесе жалпы көлемнің 16,8 пайызы. Алматыда 4 925 мәміле жасалса (16,2%), Қарағанды облысында бұл көрсеткіш 2 630 келісімді немесе 8,6 пайызды құрады. Ал ең төмен көрсеткіш Ұлытау облысында байқалды. Мұнда небәрі 261 тұрғын үй мәмілесі тіркелген.



Өңірлер бойынша қарағанда, сәуір айымен салыстырғанда мәмілелер саны тек Түркістан облысында (+7,6%) және Атырау облысында (+0,6%) артқан. Керісінше, Қызылорда облысында (-35,5%), Алматы қаласында (-24,2%) және Ұлытау облысында (-19,4%) едәуір төмендеу байқалды.

Көпқабатты үйлердегі пәтерлерге қатысты мәмілелер саны 14,5 пайызға қысқарып, 23 381-ді құрады. Бұл барлық келісімдердің 76,9 пайызына тең. Ең көп сатылғаны — екі бөлмелі пәтерлер. Осы санатта 8 681 мәміле жасалған.

Жеке тұрғын үйлер бойынша да төмендеу байқалып, олардың саны 10 пайызға азайып, 7 039 келісімді құрады. Жалпы алғанда, 2026 жылдың алғашқы бес айында тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелері өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,8 пайызға азайған. Бұл өткен жылғы жоғары белсенділіктен кейін нарықтағы сұраныстың бәсеңдегенін көрсетеді.

НАРЫҚҚА ҚЫСЫМ КҮШТІ, ҚҰРЫЛЫС ҚАЙТПЕК?

Сарапшылардың бағалауынша, тұрғын үй бағасына қысым ең алдымен бастапқы нарықта сақталып отыр. Бұған құрылыс материалдарының қымбаттауы, құрылыс-монтаж жұмыстары құнының өсуі, салық саласындағы өзгерістер және құрылыс компанияларына қойылатын талаптардың күшеюі әсер етуде.

Сонымен қатар мәмілелер санының азаюы мен бағаның баяу өсуі төлемге қабілетті сұраныстың әлсірей бастағанын көрсетеді. Мұндай жағдайда құрылыс компаниялары, әсіресе сұранысы тұрақсыз өңірлерде, баға саясатын қайта қарауда барынша сақ болуы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, БЖЗҚ-дағы жеткіліктілік шектерінің өзгеруінен кейін зейнетақы жинақтарын тұрғын үй мақсатында пайдалану ықпалы да біртіндеп азайып келеді. Бұл өз кезегінде сұраныстың күрт артуына жол бермей, нарықтың ипотекалық несиелер шарттарына тәуелділігін күшейтеді.

«Сондай-ақ 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енетін жаңа Құрылыс кодексі құрылыс

компанияларына қойылатын талаптарды күшейтіп, саланы цифрландыруды көздейді. Сондықтан бастапқы нарыққа құрылыс шығындары мен жеңілдетілген бағдарламалар қолдау көрсетсе, қайталама нарық сұраныстың төмендеуіне анағұрлым сезімтал болады. Осыған байланысты екінші жартыжылдықта бастапқы тұрғын үй бағасының өсімі тұтынушылық инфляция деңгейіне жақын болады деп болжау отырмыз», — деп түйіндеді Асан Құрманбеков.

Міне, осы тұста нарықтағы өзгерістерді құрылыс саласының ірі ойыншылары да растап отыр. Сарапшылар статистика арқылы сұраныстың бәсеңдегенін көрсетсе, құрылыс компаниялары күнделікті сатылым көлемі арқылы бұл үрдісті нақты сезіне бастаған. Осыған байланысты VI Group компаниясының тең құрылтайшысы әрі бақылаушы акционері Айдын Рахымбаев та тұрғын үй нарығының жақын арада қалпына келуін күтпейтінін айтты.

«Бұл болашақта болады деген мәселе емес — бұл қазірдің өзінде болып жатыр. Сатылым көлемі төмендеді. Алты ай қатарынан тұрақты түрде қиындықтарды байқап келеміз. Жетінші, сегізінші, тоғызыншы немесе оныншы айда жағдай күрт өзгеріп, қандай да бір ғажайып болады деп күтпейміз. Нарықтағы ахуал шамамен осы деңгейде сақталады. Қиын кезең әлі жалғасады. Біздің болжам бойынша, бұл жағдай тағы бір жылдан бір жарым жылға созылуы мүмкін. Одан кейін ғана оң өзгерістер байқалуы ықтимал», — деді Айдын Рахымбаев.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰНЫ ТҰРАҚТАЛУЫ МҮМКІН

Дегенмен бастапқы нарықты қолдайтын факторлар да бар. Оның ішінде жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар мен ірі қалалардағы жаңа тұрғын үйлерге деген қызығушылық сақталып отыр. Сарапшылардың айтуынша, тұрғын үй нарығы үшін соңғы бес жылдағы ең маңызды драйверлердің бірі зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі болды. БЖЗҚ қаражаты

көптеген қазақстандықтарға бастапқы жарнаны жинауға, ипотекалық жүктемені азайтуға немесе тұрғын үйді толық сатып алуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, бұл құрал бастапқы және қайталама нарықтағы сұранысты тұрақты деңгейде ұстап тұруға ықпал етті. Алайда жеткіліктілік шектерінің өзгеруі тұрғын үй нарығы үшін жаңа кезеңнің басталғанын аңғартады.

Qazaq Expert Club құрылыс саласындағы сарапшысы Диляра Сейтнұрованың айтуынша, зейнетақы ақшасы арқылы қалыптасқан сұраныс кезеңі аяқталуға жақын.

— Соңғы бес жылда тұрғын үй нарығындағы белсенділіктің едәуір бөлігі БЖЗҚ қаражатын пайдалану мүмкіндігімен байланысты болды. Тек 2025 жылдың өзінде қазақстандықтар тұрғын үй сатып алу мақсатында 450 млрд теңгеден астам зейнетақы жинағын пайдаланды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 81 пайызға көп. Зейнетақы жинақтары бастапқы жарна ретінде де, тұрғын үй құнын толық өтеу үшін де қолданылды. Сондықтан бұл нарық үшін өтімділіктің маңызды көзі болды, — дейді сарапшы.

Алайда 5 маусымнан бастап жеткіліктілік шектерін есептеудің жаңа әдістемесі күшіне енді. Соның салдарынан көптеген азамат үшін тұрғын үй мақсатында пайдалануға болатын қаражат көлемі айтарлықтай қысқарды. Сарапшының пікірінше, ендігі таңда нарықты бұрынғыдай жаппай сұраныс емес, нақты қаржылық мүмкіндігі бар азаматтар қолдайтын болады.

Сонымен қатар сұранысқа ықпал ететін маңызды фактордың бірі — ипотекалық несиенің қолжетімділігі. Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі төмендетуі және 2027 жылдан бастап ипотека бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейін қысқарту туралы шешімі оң белгі ретінде бағаланғанымен, нарықтық ипотека өзірге халық үшін қымбат күйінде қалып отыр.

— Тұрғын үй нарығы құлдырмайды, бірақ бұрынғыға қарағанда әлдеқайда тыныш әрі рационалды сипат ала бастайды. Бұрын нарықты зейнетақы жинақтарының артық бөлігі мен «баға тағы өсіп кетпей тұрғанда алып қалу керек» деген дүрлікпе көңіл күй қолдап келді. Енді олардың орнын нарықтық ипотека, Отбасы банкіндегі жинақтар, мемлекеттік бағдарламалар және құрылыс компанияларының бөліп төлеу тетіктері басады. Бұл — сала үшін дағдарыс емес, жаңа модельге көшу кезеңі. Мұнда мәміле жылдамдығынан гөрі сатып алушылардың қаржылық тұрақтылығы мен ұсынылатын тұрғын үйдің сапасы маңызды рөл атқаратын болады, — деп түйіндеді Диляра Сейтнұрова.

Қорыта айтқанда, мамандар 2026 жылдың екінші жартысында тұрғын үй нарығындағы күштер тепе-теңдігі өзгере бастайтынын алға тартады. Егер бұрын таңдау мүмкіндігі шектеулі болып, сатып алушылар тез шешім қабылдауға мәжбүр болса, ендігі кезеңде өз қаражаты бар азаматтардың келіссөз жүргізу мүмкіндігі артуы ықтимал.

ТҮЙТКІЛ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



Ерсебулан ДҮЙСЕВБАТ (қолжаз)

СҰРАНЫС пен ҰСЫНЫС:

Ел экономикасының негізгі қозғаушы күші – адам және оның еңбегі. Ал еңбек адамының кәсіби білікті маман болуы ең алдымен сапалы білім мен дұрыс таңдаған мамандыққа байланысты. Сондықтан болашақта аса сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы сұрақ «еңбектеген» жасқа да, ертеңін ойлаған елге де керек шығар.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕТІН ҮЗДІК 3 МАМАНДЫҚ

Бытыр Nazarbayev University өкілдері «Алдағы жылдары қандай мамандықтар трендте болады?» деген зерттеу нәтижелерін ұсынып, «Жасанды интеллект (AI) пен деректер ғылымы саласындағы еңбек нарығы қарқынды дамып келеді» деген қорытынды жариялады.

Олардың болжамы бойынша, бұл бағыттағы мамандарға сұраныс бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, олардың табысы да тұрақты өсуде. Соңғы деректерге сәйкес, AI саласына жаңадан келген маман айына 2 500 доллардан бастап жалақы алса, тәжірибелі сарапшылардың табысы 10 000 доллардан жоғары. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері жасанды интеллект және деректер ғылымы, медицина, биомедициналық инженерия саласының мамандары әлемді өзгертетін ең таңдаулы мамандық иелері болады деп нақтылаған. Мәселен, болжам бойынша, 2032 жылға қарай бұл мамандықтарға сұраныс 35 пайызға артып, түлектер үшін кең мансаптық мүмкіндіктер ашады. Келесі медицина саласының мамандары, яғни дәрігерлік кәсіп – барлық уақытта сұранысқа ие мамандықтың бірі. Әлем бойынша медицина қызметкерлерінің тапшылығы байқалады. Мысалы, Қазақстанда Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, төрт мыңға жуық білікті дәрігер қажет. Ал инженерия мен медицинаның тоғысқан тұсында орналасқан тағы бір перспективалы мамандық – биомедициналық инженерия.

Бүгінгідей тез өзгеріп, шапшаң дамып келе жатқан дүбірлі

ЕҢБЕКТИҢ ЕЛЕНБЕГЕН ЗАҢЫ

дүниеде алыс арманы біліммен «қаруланып», кәсіппен ұштасқан адам ғана болашақтың мықты маманы бола алады. «Білім жоқ жерде, арман – ада, қиял – қысыр» деген тәміл осындайда айтылса керек. Ендеше еліміздің еңбек нарығын кәсіби білікті мамандармен толтыру заман қажеттілігінен туып отырған өзекті мәселе десек болады.

Мемлекет бұл мәселені шешу үшін жаңа тәсілдерді қарастырып жатыр. Бұл тұрғыда Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева білім беру бағдарламаларының артықтығын және олардың тәжірибеден алшақтығын растайды. Оның айтуынша, білім беру жүйесінде шамадан тыс академизм, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының қайталануы байқалады. Сондықтан биыл білім беру бағдарламаларын қысқарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Біз бұл бағытта нақты шешім қабылдап отырмыз. Жалпы саны 700-ден астам білім беру бағдарламасы қысқартылады. Оның ішінде 78 жоғары оқу орнындағы 503 бағдарлама артықтықты жою үшін, тағы 26 бағыт бойынша 235 бағдарлама жүйедегі олқылықты жою мақсатында тоқтатылады. Бұл ретте барлық студенттің оқуын толық аяқтауына кепілдік беріледі. Алайда аталған бағдарламалар бойынша жаңа қабылдау жүргізілмейді, – дейді министр.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының есебінше, 2026 жылы Электрондық еңбек биржасында (ЭЕБ) жарияланатын бос орындар саны 1,12 миллионнан 1,31 миллионға дейін жетуі мүмкін. Базалық сценарий бойынша бұл көрсеткіш шамамен 1,2 млн

бос орынды құрайды, бұл 2025 жылмен салыстырғанда 9%-ға жоғары. Яғни, 2025 жылмен салыстырғанда, 2026 жылы бос орындар саны 9%-ға артқан. Ресми деректер бойынша, еліміздің еңбек нарығында жұмысшы күші жетіспейді. Сәйкесінше, Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3 пайызды құрайды. Статистикаға назар аударсақ, 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы есепке сәйкес, Қазақстанда 321 мыңнан астам жұмыссыз жастар бар. Демек, жоғарыда айтқанымыздай, елімізде еңбек нарығына қажет мамандар даярлау мәселесі өзекті күйінде қалып отыр.

Президент жанындағы ҚСЗИ Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің бас сарапшысы Гүлназ Қасымованың пайымдауынша, жүргізілген таңдаулы сауалнама нәтижелеріне сәйкес, бүгінде жас мамандардың бестен бір бөлігінен астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді: бұл көрсеткіш техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) түлектері арасында – 29%, ал жоғары білім алғандар арасында 17%-ды құрайды.

– Университет пен ТЖКБ түлектері көбіне қызмет көрсету саласына немесе жоғары білімді қажет етпейтін жұмыс орындарына кетуге мәжбүр. Мұндай үрдістер тұрақсыз жұмыспен қамту, төмен жалақы және әлеуметтік кепілдіктердің болмауымен сипатталатын әлеуметтік топ – прекариаттың қалыптасуына ықпал етуде, – дейді маман.

МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?

Мемлекет халықты жұмыспен қамту бағытында және әсіресе

жастар үшін «екі қолға бір күрек» мақсатымен түрлі бағдарламаны ұсынады. Әсіресе, жұмыссыз жастарды қоғамға тарту жағынан жастар саясаты елеулі жұмыс істеп жатыр. «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар», «Алғашқы жұмыс орны», «Дипломмен ауылға», «Серпін», «Жасыл ел» секілді мемлекеттік жобалар нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Мәселен, Астанада JOLTAP жобасы қысқамерзімді 13 сұранысқа ие кәсіптік курстар мен 7 сандық бағытты (SMM, таргетинг, графикалық дизайн, видеомонтаж, веб-дизайн және т.б.) қамтиды. Бұдан бөлек, Esirtkisiz Elorda жобасы, «Таза Қазақстан» жобасы жастарды еңбекке баулу бағытында бірқатар жұмыстар атқарып жатыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2026 жылы «Жастар практикасы» жобасы шеңберінде 25 мың жас қазақстандықты жұмыспен қамту шаралары жоспарланып отыр. Бірақ Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар практикасы» бойынша жұмыс істеген Арман Манат (аты-жөні өзгертілді) жұмыс беруші тарапқа көңілі толмайды. Оның айтуынша, жұмысқа қабылдаған компания жас маманға кәсіби біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсынбайды.

– Ақпан айында Университетте оқыған мамандығым бойынша жұмысқа қабылдандым. Бірақ қызыл дипломым болғанына қарамастан, басшылық маған өз мамандығыммен жұмыс ұсынбады. Төрт ай бойы мен компанияда «алып кел, шауып кел» қызметіне жегіліп, қолбалаға айналдым. Сондықтан маусым айынан бастап, өз еркіммен жұмыстан кеттім, – деді ол.

Көріп отырғанымыздай, бүгінгі күні «оқымаған» жастарды айтпағанның өзінде «күректен» дипломы бар жас маманға лайық жұмыс ұсыну нарығы қалыптаспаған сыйналы. Жақында Ғылым және жоғары білім министрлігі: «2030 жылға дейін Қазақстанға өртүрлі бағыттағы 900 мыңға жуық маман қажет болады», – деген ақпарат таратты.

Ведомствонің болжамына сәйкес, қажетті кадрлардың жартысынан астамы, яғни 500 мыңнан астамы инженерлік кадр болса, тағы 185 мың педагог болуға тиіс. Бейінді министрліктің мәліметінше, осы деректер негізінде алдағы үш жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қайта қаралды. Мәселен, жылу және электр энергетикасы, су ресурстары салаларында шамамен 4 мың инженер қажет – дәл осы салаға сонша грант бөлінген.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ТАЛАБЫ

Бүгінгі технологиялық даму мен цифрландыру дәуірінде жұмыс берушілер дипломнан бұрын нақты дағдысы мен біліктілігі жоғары мамандарға басымдық беретінін айттық. Демек те, Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарына бөлінетін мемлекеттік

гранттардың көлемі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлейтін кадрларға қажеттілік болжамына сүйене отырып жасалғанын жеткізді. Бұл болжамды әзірлеу кезінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, экономика салаларындағы еңбек ресурстарына деген сұраныс, мемлекеттік бағдарламалардың көрсеткіштері және жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріледі деп отыр министрлік өкілдері.

Биыл бейінді министрліктің дерегінше, 2026-2027 оқу жылына 89 457 мемлекеттік грант бөлінді. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, мемлекеттік тапсырысты бөлу ел экономикасының 2030 жылға дейінгі қажеттілік болжамымен сәйкестендірілген. Бірақ қазіргі жастардың министрлік ұсынған немесе еңбек биржасының сұранысына сай мамандықтарды таңдайтынына кепілдік жоқ. Ресми статистика бойынша, бір жағынан, жастар цифрлық кәсіптерге көбірек бет бұрса, екінші жағынан, экономика үшін маңызды бірқатар техникалық салаларға қызығушылық төмен деңгейде қалған. Мәселен, балық шаруашылығы, мал шаруашылығы, механика және металл өңдеу, көлік құрылысы, киім және аяқ киім өндірісі сияқты салаларға жастар қызықпайды. Ал грантқа қызығып, қаламаған мамандығына оқуға түсіп, диплом алғандардың 60-80 пайызы ЖОО-ларды бітірген соң оқыған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Сондай-ақ қазіргі сұраныстағы кейбір мамандықтардың келешекте қажет болмай қалатыны да ұмытпаған жөн.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, жасанды интеллектті жаппай енгізу нәтижесінде елімізде 300-400 мыңға жуық жұмыс орнының қысқаруы мүмкін. Дегенмен сарапшылардың пайымынша, еңбек нарығындағы бас ті өзгеріс белгілі бір кәсіптің жоғалуында емес, сол кәсіпті атқару тәсілдерінің өзгеруінде болып отыр. Соған сәйкес, бүгінде жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын қайта қарап, ЖИ тақырыптарын жеке пән ретінде немесе негізгі пәндердің құрамына енгізіп жатыр. Ғылым және жоғары білім министрлігі қазірдің өзінде 30-дан астам жоғары оқу орнына жасанды интеллект бағытындағы 42 білім беру бағдарламасын әзірлеп қойды.

Түйін:

Биылдан бастап Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жастарға білім беру саясатын еңбек нарығы қажет ететін кадрлар сұранысы болжамына сүйене отырып әзірлеуді қолға алды. Ал орта білім саласындағы білім беру жүйесін жоғары білім саласындағы трансформацияларға сай жаңарту бағдарламалары жасалып жатыр ма?! Бүгінгі күні «тарыдай болып» табалдырығын аттаған шәкірттің «қосымша» білім алуға сабылтып, мектеп партасынан арманына қанат байлап, қиялын өз елінің ертеңімен байланыстар алатын ұрпақ тәрбиелеу ісі қалай болмақ екен...

КӨКЕЙКЕСТІ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Елде қосымша білім беру жүйесі жаңғыртылады. Жасөспірімдер қылмысының белең алуы бұл мәселені өзекті ете түсті. Себебі ғылым, өнер, спортпен шұғылданған баланың ерігіп ермек іздеуге, көшенің шағын қағып бос сенделуге уақыты да, құлқы да болмайды. Ал қолы бос, еш еңбекке тартылмаған жеткіншек не телефонның тұтқынына айналады, не басқа бір бәлеге жолығуы мүмкін. Елде Оқушылар сарайы жетіспейді, жастардың заманауи дағдыларын дамытуда проблема жетерлік. Жас ұрпақтың білімі мен дарынын ұштауда не істелмек?

А Айхан ШӘРІП

ТӘРБИЕ МЕН ТАҒДЫР ТАРАЗЫСЫ

«Ермек қуған бәлеге жолығады, еңбек қуған қазынаға молығады» деген қанатты сөз бар. Психолог Әйгерім Қуатбектің түсіндіруінше, баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастырмау — оның болашағын үлкен қатерге тігумен тең. Пайдалы іспен шұғылданбаған жеткіншек өзіндегі тасқын қуатты қайда жұмсарын білмей, беймәлім соқпақтарға бас ұрады.

«Мұндай сәтте рухани қуыстық-вакуум пайда болып, оның орнын көше тәрбиесі немесе ғаламтордың қараңғы тұңғығы тез толтырады. Сананы желік пен тұман қатар басқан жастық шақта жақсы мен жаманды ажырату қиын. Жетексіз кеткен жеткіншек алды-артын байқамай, қылмыстың қармағына қалай ілінгенін өзі де білмей қалады. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, көмекке толмаған қылмыскерлердің көпшілігі, 75%-ға дейінгісі — қосымша білім беру жүйесінен тыс қалған балалар. Сондықтан баланы ерте жастан өнер мен ғылымға баулып, бос уақытын ізгі істермен толтыру — мемлекеттің, мектеп пен ата-ананың парызы», — деді психолог.

Оның сөздерін ресми статистика куәландырады. С.Қайырбекова атындағы Денсаулық сақтау-дамыту ұлттық ғылыми орталығының мәліметінше, былтыр 179,6 мыңнан бала жаракат алып, уланған және басқа зақымдарға ұшыраған. Соның ішінде 138,3 мыңын 14 жасқа дейінгі балалар, 41,3 мыңдайын — 15-тен 17 жасқа дейінгі бозбалалар мен бойжеткендер құрады. Өсім — 1,7%.

Өмірде еш мән таппай, баз кешкен балалар өзіне-өзі қол салады. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы сепке алу комитетінің мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қазақстанда 74 бала өз еркімен өмірмен қоштасқан. Жалпы алғанда, бір жыл ішінде өліммен аяқталған суицидтер саны бірден 13,7%-ға өсті.

Қылмыс әлемі де көбіне құрбанын көше кезген немесе күні мен түнін телефонға телміріп өткізетін балалар арасынан іздейді. 2025 жылдан бері алаңдатарлық үрдіс — жасөспірімдер қылмысының өршуі тіркелген. Былтырғы жыл қорытындысында бұл үрейлі

көрсеткіш бірден 30,5%-ға күрт өсті. 2,5 мың жас өскін қылмысы үшін ұсталған. Бұл ретте заң бұзушылардың 90%-ы әртүрлі ауырлық дәрежесіндегі қылмыс жасапты, жартысы немесе 1,1 мыңы бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. 2024 жылмен салыстырғанда жас құқық бұзушылардың саны 1,5 еседей өсті! Сондықтан жас ұрпақтың бос уақытын мағыналы ету — оларды келенсіздіктен қорғайтын басты бір қалқан.

ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕР КІМГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ?

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың қоры-

және сауықтыру орталығы жұмыс істейді.

Министрліктің дерегінше, балалардың басым көпшілігі — 3 миллионға жуығы мектептер жанындағы лагерьлермен шектеледі. Тағы 168 мың оқушыны жазғы лагерьлер мен маусымдық орталықтар, тек 44 мыңнан астамын — жыл бойғы қосымша білім беру орталықтары қабылдайды. Девиантты-тенек балалар қатарын жиі толықтырады деп саналатын әлеуметтік осал санаттағы және жетім балаларға ерекше көңіл бөлініпті: аз қамтылған отбасылардан шыққан 729 мың бала және ерекше білім беру қажетті-

ТАПШЫЛЫҚТАН — ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСКЕ

Үйірмелер, спорттық секциялар мен шығармашылық даму студиялары — ерікпеннің ермегі емес, қазіргі заманғы іргелі өмірлік қажеттілік. Бұл жүйенің мемлекеттік деңгейдегі маңызы орасан, өйткені ол жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастырумен қатар, стратегиялық мақсаттарды шешеді: бұл — балаларды әлеуметтендіру, асоциалды мінез-құлық пен көше қылмысының алдын алу, саламатты өмір салтын орнықтыру, шығармашылық әлеует пен дарынның көзін ашу, оқушы

мүлдем жетіспегендіктен, ата-аналар баласының болашағы үшін соңғы тиынын санап беріп, жеке студиялар мен даму орталықтарының қымбат сабақтарына ақы төлеуге мәжбүр. Оның өзінде жекеменшік орталықтарда да бәріне бірдей орын жете бермейді. Оқу-ағарту министрлігінің «саладағы нысандар саны 25% өсті» деген көркем есебін Ұлттық статистика бюросы растамайды. Статорган мәліметтеріне жүгінсек, соңғы бірнеше жылда елімізде үйірмелердің, секциялардың және қызығушылық клубтарының саны іс жүзінде артпақ түгілі кері кеткен. 2023 жылғы 3,7 мыңнан өткен жылдың қорытындысы бойынша 3,4 мыңға дейін қысқарып қалыпты. Аймақтық теңгерімсіздік тіпті ғаламат. Мысалы, Алматы облысында былтыр 480-нен астам үйірме мен секция балаларға қызмет етсе, Қызылорда облысында бар-жоғы 16-ақ үйірме болыпты.

Қазақстанның қосымша білім беру тарихында Оқушылар сарайларының орны бөлек. 2020 жылы мұндай ірі қосымша білім беру ұйымдарының саны 192 болса, 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 215-ке жетті. Тағы мақтауға тұрарлық кейс — мектеп оқушыларының инновациялық шығармашылық орталықтары. Оның үздігінің бірі Алматының Наурызбай ауданында бой көтерсе, екіншісі Алатау ауданында іске қосылды. Бұл — орта буын мектеп оқушыларына арналған қосымша білім беруді, жоғары сынып оқушылары мен студенттердің бастапқы кәсіби құзыреттіліктерін ұштастырған, уақыт талабынан туған соны ұйым. Онда балалар тек сурет салып, би билеп, спортпен ғана шұғылданбайды, сондай-ақ ең сұранысқа ие мамандықтар — өнеркәсіптік дизайн, робототехника, серпінді мобилография, SMM, күрделі 3D-модельдеу және VR (виртуалды шындық) әлемін зерттейді.

Десек те, бұл тек ішінара кездесетін озық үлгілер. Жалпы, биыл елдегі барлық Оқушылар сарайларындағы сабақтармен қамтылған балалардың жалпы саны бар-жоғы 274,2 мыңды құрады. Бұл — өте аз. Бала дамуы үшін аса маңызды, іргелі осы мекемелердегі оқушыларды қамту үлесі ел бойынша бар-жоғы 7% болып отыр.

Оқушылар сарайлары мен түрлі даму орталығының басым көпшілігі уақыт көшінен қалмай, оқыту бағдарламаларына ең кейінгі инновациялық технологияларды қарқынды түрде енгізуге көшті. Олар робототехника зертханаларын, IT-сыныптарды, ғылыми эксперименттер жүргізуге арналған заманауи цифрлық зертханаларды, жоғары дәлдіктегі 3D-принтерлер мен сандық бағдарламалық басқаруы бар қуатты станоктарды, шығармашылық пен жана идеялар өмірге келетін, жобалық жұмысқа арналған еркін кеңістіктерді және баланың қиялын шындыққа айналдыратын тағы басқа мүмкіндіктерді бағдарламаға толық енгізуді көздеп отыр.

Ендеше сенімді де сәтті қадамдар жасалды, бағыт айқын. Ендігі міндет — жеткен жетістікке тоқ мейілісіп тоқтап қалмай, ертең ел тізгінін қолына алар балалардың жарқын болашағы жолында қосымша білім беру саласын мемлекеттік деңгейде үздіксіз әрі қарқынды дамыту болмақ.

ҰРПАҚ КЕЛЕШЕГІ — ҰЛТ КЕЛБЕТІ

тындысы бойынша балаларды қосымша біліммен қамту деңгейі 90%-ға дейін артты. Бұл 3,5 миллион баланы құрайды, оның ішінде 2,2 млн оқушы тегін үйірмелер мен секциялармен қамтылды. Әрине, бұл жерде ведомство тек 3,9 миллион оқушыны назарға алып отыр: балабақшадағы балдырғандар қосымша біліммен тегін қамтылмайды. Әйтпесе, Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны тура 7 миллионға жетті (жыл басында 6 918 656 болған). Демек, осы санның 31,4%-ы ғана тегін қосымша біліммен қамтылған болып шығады.

Министрліктің хабарлауынша, қосымша білім беру ұйымдарының желісі былтырғы жылмен салыстырғанда 25%-ға артып, 2 мыңнан астам бірлікті құрады. Бірақ ата-аналар бәрібір тегін өнер-білім үйірмелері мен спорт секцияларына баланы тіркеудің қиындығына, олардың тапшылығына шағымданып жүр. Ауылдық жерлердегі балаларды қосымша білім берумен қамтамасыз ету мақсатында 1 000 компьютер-орталық құру бойынша жұмыстар аяқталды. 3 жыл ішінде 4 200-ден астам баланы қамтитын 1 251 орталық ашылды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың жан-жақты дамуы мен қолайлы ортада өсуін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Осыған байланысты Президент 100 Оқушылар сарайы мен өнер мектебін, 50 балаларды сауықтыру орталығын ашу міндетін қойды. Бұл тапсырманы орындау мақсатында 3 жылда 24 мың орынға арналған 44 қосымша білім ұйымы салынды. 2026 жылдың соңына дейін 3 800 орындық 10 объектінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, өткен кезеңде 2 800 орынға арналған 15 сауықтыру орталығы ашылды және биыл 840 орындық 4 сауықтыру орталығы пайдалануға беріледі, — деді оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

Оның айтуынша, жаңа қосымша білім беру ұйымдары робототехника кабинеттерімен, IT зертханаларымен, ойын алаңдарымен және балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған түрлі заманауи құралмен жабдықталған. Мұның сыртында 2026 жылғы күзге дейін 3,2 млн бала мектептер мен лагерьлер жанындағы демалыс бағдарламасымен қамтылмақ. Қазақстанда жазғы демалыс кезінде 11 135 демалыс



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

ліктері бар 53 мың бала күзге дейін демалыспен қамтылады. Республикалық «Балдәурен», «Бөбек» орталықтарында халықаралық, республикалық пәндік және IT-олимпиадалардың, шығармашылық және спорттық жарыстардың жеңімпаздары қатарынан 5 мың бала сауықтыру және дамыту шараларына қатысып жатыр. Өңірлерде осындай қолдау 370 мың дарынды балаға ұйымдастырылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық нысанға полиция инспекторлары тағайындалыпты, ал қызметкерлердің, тәрбиешілердің соттылығы тексерілді.

Биылғы маусым айынан бастап спорт, шығармашылық және қосымша білім беру салаларын қамтитын бірыңғай ваучер жүйесі пилоттық режимде іске қосылды. Бүгінгі күні 600 мыңнан астам бала қосымша білімге ваучер алды. Жоба қазір 6 өңірде — Астана, мен Шымкентте және Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстарында табысты жүзеге асырылып жатыр.


бойында soft skills пен кәсіби құзыреттерді дамыту және орта мектеп жасынан нақты кәсіптік бағдар беру.

Алайда елімізде мұндай ұйымдарға деген сұраныс толық қанағаттандырылған жоқ. Мысалы, Шымкентте, сәуір айының соңында Оқушылар сарайындағы тегін жүзу үйірмесіне сұмдық кезек пайда болып, соңы балаларын жазбақ болған ата-аналардың арасында дау-дамай, талас-тартысқа ұласты. Мегаполистерде ата-аналар перзентін бір үйірмеге кіргізу үшін таңазаннан есік күзетіп, түнеуге мәжбүр болса, қиырдағы шағын ауыл-қалалардағы жағдайдың қаншалықты қиын екенін елестетудің өзі қорқынышты. Мұның соңы үлкен проблемаларға соқтырады: аймақтарда көптеген ата-ана жұмысына басымдық беріп, баласының бос уақытын өз күшімен амалдап ұйымдастырады, не шарасыздықтан оларды көшенің еркіне қалдырады.

Үлкен қалалардағы ахуал да мәз емес, мәселе шаш етекпен. Мемлекет ұсынатын тегін орын

ҚОҒАМ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



СТАНДАРТ БІРЕУ, НӘТИЖЕ ӘРТҮРЛІ

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру жүйесі кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді. Ресми деректерге сүйенсек, елде 12 066 ұйым жұмыс істейді. Оның 5 373-і мемлекеттік болса, 6 693-і – жекеменшік ұйымдар. Яғни, жекеменшік балабақшалар көбірек. Әрине, екі түрлі балабақшаның айырмашылығы болатыны жасырын емес. Бірақ «бізге барлық балабақшада оқу бағдарламасы бір стандартқа негізделген бе?» деген сұрақ маңызды болды. Себебі қоғамда ата-аналар тарапынан балабақшаларға көңіл толмаушылықты байқаймыз. Олардың жиі қоятын сауалы: «Неге балабақшаны бітірген балалар мектепке толық дайын болмайды?». Бұған жауап іздеу үшін алдымен балабақшалардағы оқу жүйесіне үңіліп көрейік.

А Айгүл СЕЙІЛ

Қазақстандағы барлық балабақша мемлекеттік те, жекеменшік те бірыңғай құжаттарға сүйенеді. Олар – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты және үлгілік оқу бағдарламасы. Яғни, формалды түрде елдегі барлық балабақша бір жүйемен жұмыс істейді.

Алайда бұл тек негіз ғана. Стандарт баланың жалпы дамуына қойылатын талаптарды белгілейді, бірақ оны қалай жүзеге асыруды әр балабақша өз бетінше шешеді. Соның нәтижесінде әртүрлі әдістемелер пайда болады. Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің жазбаша мәліметіне сәйкес, балабақшалар Стандарт талаптарын сақтап, Бағдарлама мазмұнына сүйене отырып түрлі технологияларды тандайды және қолданады болады. Балабақшалардың іс-тәжірибесінде бірнеше оқыту технологиялары қолданылады: ойын, дамытушы, жобалау және зерттеу іс-әрекеті, денсаулық сақтау, Step by Step, робот техникасы, интерактивті, шығармашылық, медиа технологиясы, жасанды интеллект элементтері қолданылатын технологиялар және т.б. Құзыретті органдар тарапынан тәрбиелеу-білім беру процесінде технологияларды қолдануға рұқсат берілген. Яғни, бір балабақшада Монтессори жүйесі қолданылса, енді бірінде дамытушы ойындар, жобалық оқыту, робототехника немесе интерактивті тәсілдер басым. Бір қарағанда бұл жақсы сияқты. Өйткені балабақшаларға еркіндік береді, жанашылдыққа жол ашады. Бірақ дәл осы еркіндік білім, тәрбие сапасының әрқелкі болуына да әсер етіп отыр.

БАЛАЛАР НЕГЕ ЖАТ ЕЛДІҢ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІН КӨРЕДІ?

Бірнеше оқыту технологиялары демекші, қазір әр балабақша балаларды әртүрлі әдіспен тәр-

биелейді. Тіпті, кейбір балабақшаларда өзге елдің мультфильмдері де көрсетіледі. Бұл туралы Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің отырысында депутат Ринат Зайыт баяндап, Оқу-ағарту министрлігі өкілдерінен түсініктеме талап етті.

«Балабақшаға қашан барсаң да «Маша мен аю», «Фиксики» мультфильмдері қосылып тұрады. Жалпы, осы біздің балабақшаларда ұлттық тәрбие беретін бағдарлама бар ма? Ұлттық тәрбие беретін қандай мультфильмдер, қандай көрнекілік құралдары бар? Оны сұрап отырған себебім, кейбір балабақшаларда ЛГБТ символикасы бар ойыншықтар тұрады», – деді депутат.

Депутаттың сұрақтарына Оқу-ағарту вице-министрі Майра Мелдебекова жауап берді. Оның айтуынша, Қазақстанда мектепке

әртүрлі оқыту технологиясын қолданатындықтан, балабақшаның бәрін бақылауға алу қиын болуы мүмкін.

НЕГЕ НӘТИЖЕ ӘРТҮРЛІ?

Иә, теория жүзінде барлық бала бірдей стандарт бойынша тәрбиеленуге тиіс. Бірақ практикада балабақшалар арасындағы айырмашылық айқын байқалады. Біріншіден, педагогтердің кәсіби деңгейі әртүрлі. Кейбір балабақшаларда тәжірибелі тәрбиешілер жұмыс істесе, енді бірінде кадр тапшылығы сезіледі. Бұл – балалармен жұмыс сапасына тікелей әсер ететін фактор. Екіншіден, жекеменшік балабақшалардың деңгейі біркелкі емес. Олардың арасында заманауи, жақсы жабдықталған орталықтар да бар, сонымен қатар тек бизнес ретінде

ның қазіргі стандартында баланың негізгі іс-әрекеті ретінде ойын алға шығарылады. Бұл – халықаралық тәжірибеге сай тәсіл. Бірақ кей жағдайда «ойын арқылы дамыту» ұғымы дұрыс түсіндірілмей, нақты білім берудің әлсіреуіне өкелетіні де жасырын емес. Оған жоғарыда айтқанымыздай, балабақшаларда дамыту үшін әртүрлі тәсілдерді қолданатыны дәлел.

ЕҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ – МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Ата-аналарды алаңдататын негізгі мәселе – балабақшаға барған баланың мектепке дайын болмай шығуы. Яғни, ол әріп танымауы мүмкін, қарапайым санауды білмеуі мүмкін. Соның салдарынан көптеген ата-ана баласын қосымша дайындық курстарына беруге мәжбүр. Бұл – парадокс. Бала бірнеше жыл балабақшаға барады, бірақ мектепке дайындық үшін тағы да бөлек уақыт пен қаражат жұмсайды.

Зерттеп қарағанда, мұның бірнеше себебі бар екенін байқайды. Біріншіден, қазіргі бағдарлама академиялық білімнен гөрі баланың жалпы дамуына – сөйлеу, ойлау, әлеуметтік дағдыларға басымдық береді. Бұл дұрыс бағыт

болғанымен, ата-аналардың күткен нәтижесімен сәйкес келе бермейді. Екіншіден, кейбір ұстаздар бірінші сыныпқа келген бала белгілі бір деңгейде буындап оқи және жаза білуге тиіс деп күтеді. Ал балабақша бағдарламасы мұны міндетті талап ретінде қоймайды. Негізі, мектепте де «бірінші сыныпқа келген бала оқи, жаза білу керек» деген арнайы талап жоқ. Үшіншіден, ата-аналардың өздері де баланы «ерте оқытуға» сұраныс тудырып отыр. Соның әсерінен дайындық орталықтары көбейіп кетті. Әрине, бұл жерде тағы бір жағдайды ескеру қажет деп ойлаймыз. Ол – елімізде балабақшаға бармайтын балалардың да бар екендігі. Олардың көпшілігі бірінші сыныпқа барар кезде міндетті түрде даярлау орталықтарында жазу мен әріптерді үйренеді.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі аралас модельге негізделген. Бір жағынан, бірыңғай стандарт бар, екінші жағынан, балабақшаларға әдістемелік еркіндік берілген. Бұл модельдің артықшылығы – әділділік. Әр балабақша өз бағытын тандай алады, жаңа тәсілдерді енгізе алады. Бірақ кемшілігі де айқын. Бақылау әлсіз болса, сапа да әртүрлі болады. Сондықтан мәселе стандарттың бар-жоғында емес, оның қалай орындалатынында сияқты. Әйтпесе, қоғам тарапынан балабақшадағы тәрбие мен оқуға қатысты сұрақтар туындамас еді.

Біздіңше, мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық күшейтілуі қажет сияқты. Баланың қай деңгейде мектепке келуі керектігі нақты әрі бірізді болуы тиіс. Екіншіден, ата-аналармен жұмыс жүйелі болуы керек. Ата-аналарға түсіндіру, ақпарат беру өте маңызды. Үшіншіден, жекеменшік балабақшалардың сапасына бақылауды күшейту қажет. Яғни, олар балаларды қалай тәрбиелеп жатқаны назарда болуы керек. Иә, Қазақстанда балабақшалар бірыңғай стандартпен жұмыс істейді. Бірақ бұл барлық жерде бірдей нәтиже береді деген сөз емес. Соның бір айқын көрсеткіші – ұлттық тәрбие мәселесі мен баланың мектепке дайындық деңгейі өзекті күйінде қалуда.



дейінгі білім беру бағдарламасы бекітілген, онда ұлттық тәрбие бағыты қарастырылған. «Барлық балабақшалар, меншік нысанына қарамастан, осы бағдарламамен жұмыс істеуге міндетті», – деді вице-министр. Сондай-ақ ол балабақшаға арналған көрнекі және әдістемелік құралдардың тізімі министрдің арнайы бұйрығымен бекітілгенін, оның құрамына математикалық құралдар, геометриялық фигуралар, сағат макеттері, ұлт қайраткерлерінің портреттері және басқа да көрнекі материалдар енгізілгенін айтты. Әрине, бұл жерде вице-министрдің айтып отырғаны – біздің жоғарыда келтірген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты және үлгілік оқу бағдарламасы. Бірақ стандарт біреу болғанымен, әр балабақша

ашылған, білім сапасына жеткілікті көңіл бөлмейтіндері де кездеседі. Осы мақаланы жазу барысында біз екі жекеменшік балабақшаның тәрбиешісімен сөйлестік.

«Мен – жоғары топтың тәрбиешісімін. Балалардың қабілеті әртүрлі. Кейбіреуі тез үйренеді, кейбірінің оқуға, жазуға мүлдем құлқы жоқ. Оның үстіне біздің балабақшада балалар жазуды үйренуі керек деген арнайы талап жоқ. Мен өзім балалар мектепке барғанда қиналмасын деп үйретіп жүрмін», – дейді тәрбиеші Жүлдызай Асанова. Ал тағы бір тәрбиеші Гүлсара Нұрбергеннің айтуынша, олардың мекемесінде балаларды оқыту жолға қойылған. Бала балабақшадан оқуды, жазуды үйреніп, мектепке дайын болып шығады. Жалпы, балабақша-

● ПІКІР

Адина ЖАНҒОЖИНОВА, ана:

– Қазіргі кезде көп ата-ана бірінші сыныпқа баратын баласын Мектепке дейінгі білім орталықтарында оқытады. Оны өз манайымыздан да байқаймыз. Меніңше, олар балалары оқи алатын, сандарды алып-қосуды білетін болса, ары қарай сабақты өте жақсы оқып кетеді деп ойлайды. Сондай-ақ халық арасында мұғалімдер жақсы оқитын балаларға көбірек көңіл аударады, ал оқу, жазу білмейтіндер шетте қалып қояды дейтін де түсінік бар. Әрине, бұл тәжірибеде дәлелденген бе, жоқ па, ол жағын мен білмеймін. Өйткені әр баланың қабілеті әртүрлі. Мысалы, менің балаларым ондай орталықтарға барған жоқ. Балабақшадан кейін бірден мектепке барды. Бірақ біреуі өте жақсы оқиды, екіншісі кейбір пәндер бойынша аздап қиналады.

Әсел ҚҰРМАНБАЕВА, бастауыш сыныптың мұғалімі:

– Бірінші сынып оқушысының мектеп ішіне үйренуі, бейімделуі үшін үш ай уақыт кетеді. Осы үш айдың ішінде мұғалім әр баланың мінез-құлқын, әдет-дағдыларын, қабілетін де танып үлгереді. Сол үшін әрқайсысына тапсырма берерде сәл ерекшеліктер болуы мүмкін. Бірақ балалар балабақшадан жазуды, сандарды үйреніп келген болса да, біз олардың бәріне қайтадан үйретеміз. «Жақсы оқитын балаға ерекше көңіл бөлінеді» деген субъективті пікір деп ойлаймын. Негізі, бастауыш сыныптағы мәселе ол емес. Негізгі мәселе – кейбір ата-аналардың тілі орысша шыққан баласын қинап қазақша оқытуы дер едім. Нәтижесінде, баланың білімінің іргетасы дұрыс қалыптаспай қалады.

ЖАНСАРАЙ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

«Қыз жиырмаға толғанда», «Ғашықсыз ғасыр», «Ең әдемі келіншек», «Тойдан қайтқан қазақтар» спектаклі қалай асқақтаса, Сұлтанәлі Балғабаевтың есімі де қатар жарқырады. Әсіресе, «Ең әдемі келіншек» Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының репертуарынан түспей, қаншама жыл көрерменнің сүйікті спектакліне айналды. «Ғашықсыз ғасыр» Фаридա Шәріповаға арналып жазылса, «Ең әдемі келіншек» Лидия Кәденованың театрдағы тағдырына айналды. Жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың өмір жолы осындай әдемі кезеңдермен бірге өрледі. Ұзақ жылдар Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында қызмет атқарды. Қазір Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясында шәкірт тәрбиелеп жүрген аяулы ұстаз сексеннің сеңгіріне келді. Қоғам мен қалам алдындағы жауапкершілігін бір сәт те ұмытпаған жазушымен мерейтойы қарсаңында сұхбаттасқан едік.

— Сұлтанәлі аға, мерейлі жасыңыз құтты болсын! Әдебиетке бүкіл ғұмырыңызды арнап келесіз. Шынығыңызды айтыңызшы, бүгінгі әдебиет қоғамды өзгертетін күш болудан алыстап бара жатқан жоқ па?

— Бұл жөнінде екі түрлі пікір айтуға болады. Кеңес Одағы кезінде бізде бір ғана саяси партия болды. Ол партияның саясатына қарсы келетін ешқандай күш жоқ еді. Тек азды-көпті болса да ащы пікірлер мен өткір мәселелер жазушылар тарапынан айтылатын. Егер оған да мүмкіндік болмаса, қаламгерлер көкейдегі ойын көркем шығарма арқылы астарлап жеткізетін. Осының нәтижесінде жазушылардың халық арасындағы беделі мен әдебиеттің қоғамдағы ықпалы айтарлықтай жоғары болды. Бұл жағдайды жетік аңғарған Үкімет әдебиетке әрқашанда ерекше көңіл бөліп, жазушыларды өз саясатын жүргізуге пайдалануға күш салды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанның жаңа басшысы Колбинның басқа ешқандай бұрылмай, бірден Жазушылар одағына келіп, қаламгерлермен кездесу өткізуі — осының айқын көрінісі еді.

Ал қазір заман өзгерді. Халық атынан сөз сөйлеп, Үкімет алдына неше түрлі өзекті мәселе қоятын саяси партиялар көбейді. Халықтың өзі де жоғары жаққа деген өкпе-назын көшеге шығып айта беретін, оған кедергі жасалса әлеуметтік желі арқылы шер тарқататын болды. Міне, осыған байланысты әдебиеттің қоғамды өзгертудегі ықпалы әлсіреді деуге бола ма? Меніңше, мүлдем олай емес. Керісінше, қазір қаламгерлерге жаңа шығармаларымен жарқырап көрініп, ұлттық әдебиетіміздің қоғамдағы ықпалын барынша күшейтуге толық мүмкіндік туып отыр. Бұған нақты мысал келтірейік. Қазіргі қоғамымызда елдің өсіп-өркендеуіне кедергі жасайтын келенсіз жағдайлар бұрынғы заманмен салыстарғанда әлдеқайда көбейген. Әсіресе, жемқорлық барынша асқиндады. Моральдық-адамгершілік тұрғыдан да азғындаудың көріністері жиі байқалады. Ең жақындарын өлтіру, кішкентай сәбилерге дейін ешкімді аямай зорлау сияқты адам түгілі мал да

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,
жазушы-драматург:

ҚАЛАМНЫҢ ЖҮГІ

жасамайтын қылмыстар көбейді. Отбасындағы ажырасу жөнінен де дүниежүзі бойынша алдыңғы қатарға шықтық деп «мактана» аламыз. Кеңес Одағы кезінде мұндай жағдайлар өте сирек кездесетін. Өйткені ол кезде идеология күшті, тәртіп барынша қатаң болатын. Ал қазір бізде бұл екеуі де әлсіреген. Әсіресе, адамды адамгершілікке тәрбиелейтін нақты идеология да, онымен айналысатын ешқандай заңды ұйым да жоқ деуге болады. Міне, осындай жағдайда жазушылар қауымына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Яғни қаламгердің жарық дүниеге әкелген әрбір жана туындысы халықты жамандықтан безіндіріп, жақсылыққа ынталандыратын барынша әсерлі әрі көркемдік сапасы жоғары дүние болуға тиіс.

— Сонда ұлттық болмысты сақтап қалуда әдебиеттің рөлі маңызды болуы керек пе?

— Бірден айтайын, өте маңызды. Осыған орай, ұлттық болмыс деген бір халықтың бәрінің бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен дін жөнінен ешқандай айырмашылығы жоқ біртұтас болуы екенін атап айтуға тиіспіз. Міне, осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің ұлттық болмысына ешқандай сызат түсірмеген. Мұны таңғаларлық жағдай деуге болады. Өйткені қазақтар атамзаманнан шығысында сонау Алтайдан басталып, батысы Еділ-Жайыққа дейінгі екі арасы сан мыңдаған шақырым болатын ұшы-қиырсыз кең далада көшіп, қонып өмір сүрген. Бірақ соған қарамастан олар қайда жүрсе де, бірауыз бөтен сөз қоспай, таза қазақ тілінде сөйлеген, қазақтың ежелгі әдет-ғұрпын да, салт-дәстүрін де, дінін де сол қалпында

ұстанған. Ал сонда ол замандағы қазақтардың өздерінің ұлттық болмысын соншалықты қадірлеп, қаз-қалпында сақтауына не көмектескен, кім қолдау жасаған? Міне, осы сұраққа жауап іздегенде мәселе әдебиетке, нақтылап айтқанда, сол замандардағы қазақтың ауыз әдебиетіне барып тіреледі. Яғни қазақтар ұлан-ғайыр кең даланың қай өңірінде жүрсе де өздерінің ұлттық батырлар жырымен, аңыз-ертегілермен, ән-күйімен сусындап, оларды жан дүниесіне, қаны мен жанына терең сіңірген; күнделікті



Ұлттық болмыс деген бір халықтың бәрінің бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен дін жөнінен ешқандай айырмашылығы жоқ біртұтас болуы екенін атап айтуға тиіспіз. Міне, осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің ұлттық болмысына ешқандай сызат түсірмеген. Мұны таңғаларлық жағдай деуге болады.

өмірде осы шығармалардағы көркем тілді де, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен дінді де ешқандай бұзбай, қаз-қалпында қолданып болған. Осының нәтижесінде қазақ халқы біртұтас ұлт ретінде бүгінгі заманға аман-есен жеткен еді. Өкінішке қарай, өткен елуінші жылдардан бастап қазақ халқының ұлттық болмысындағы мұндай біртұтастық бұзыла бастады. Әсіресе, айдың-күннің аманында қазақтардың өз ана тілінен безініп, өзге тілде сөйлеуге бет алуы кең тарады. Қазақтың ежелгі салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын да ескіліктің қалдығы деп



©Айтжан Мұратов

мүлдем жоққа шығару үйреншікті жағдайға айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейін де бұл жағдай толық түзеліп, керемет болып кетті дей алмаймыз. Керісінше, ұлттық болмысымыздағы бұрынғы келенсіздіктердің қатарына енді дін жолында жүргендердің біразының шалақ шалбар киіп, қара жамылып жүруі қосылды. Міне, осындай жағдайларды ескере отырып, алдағы уақытты ұлттық болмысымызды аман сақтап, одан әрі нығайтуда әдебиеттің ықпалын күшейте беруді үнемі назарда ұстағанымыз жөн.

анда-санда Жазушылар одағының мүшесі деген билетті көрсетіп мақтану үшін ғана керек болғаны ма? Бұл өзін жазушымын деп есептейтін әрбір адам үшін ерекше ойландыратын мәселе.

Ал маған келетін болсақ, мен ақын-жазушы болуды бала кезімнен армандадым. Бірақ, әрине бұл арман-мақсатымның артында үлкен жауапкершілік бар деп ол кезде мүлдем ойлаған емеспін. Дегенмен қазір қарап отырсам, мұндай жауапкершілік менің жан дүниемде қолыма қалам алған күннен бастап біртіндеп қалыптаса бастаған сияқты. Бұған нақты бір мысал айтайын. Мектеп бітірген соң ешқандай бармай туған ауылымда екі жыл шопан болдым. Сонымен бірге бұл жылдарда аудандық, облыстық газеттерде өлеңдерім жарияланып, жас ақын ретінде кәдімгідей танылып үлгердім. Және осы қой бағып жүріп, бұл жұмыстың да біраз қиындығын көрдім. Содан бір күні осы қиындықтарға байланысты көкейге түйген ащы шындықтарымды қағазға түсіріп, Алматыдағы «Ленинші жас» газетіне жібердім. Бұл жазғаным газеттің 1965 жылдың орта кезіндегі бір санында «Қамқорлық ауадай қажет» деген тақырыппен жарық етіп шыға келді. Ол кезде газеттерде, әсіресе республикалық басылымдарда ащы шындығы бар өзекті мәселе көтеру — кәдімгідей үлкен оқиға. Соған орай бұл шағын мақалам кәдімгідей шу туғызды. Тіпті, «Сен қандай адамсың? Өлеңінді жазып, неге тыныш жүрмейсің, әлде атыңды шығарайын деп пе едің?!» деп ренжігендер де болды. Бірақ шындықты айтсам, бұл мақаланы атымды шығарайын немесе біреуді сынап-мінейін деген оймен емес, күнделікті көріп-біліп жүр-

ЖАНСАРАЙ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ген келенсіз жағдайларға шыдай алмағандықтан жазып едім. Және кейін де бұл «әдетімді» тоқтата алмай, жағымсыз жағдайды байқасам, оны шамам келгенше айттып, жазып, жариялап тұратын болдым. Осыған орай, шығармашылық жолымда прозалық және драмалық шығармалармен қатар халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ана тілі және басқа да ұлттық мәселелері туралы баспасөз бетінде көптеген проблемалық мақала жарияладым. Бұл мақалаларымның біразы кезінде мемлекеттік тапсырыс бойынша «Қазақтың қызыл кітабы» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Ал қалғандары кемінде екі том кітап болуға дайын тұр. Бұйырса, алдағы уақытта олар да газеттерге басылған күйінде қалып қоймай, жеке жинақ болып жарық көрер деп үміттенемін. Ең бастысы, осының бәрін ойлағанда жазушы ретіндегі ұлт алдындағы борышымды шамам жеткенше өтеген шығарым деп шүкіршілік етемін.

биелеу үшін ең алдымен олар оқитын кітаптардың көркемдік сапасы барынша жоғары, айтатын ойы, көтерген мәселесі өз еліміздегі қағидаттарды құрметтеу мен қазақтың бай да құнарлы тілін оқырманның санасына сіңіру бағытында болуға тиіс. Бұрын бізде бұл талап қатаң сақталатын. Ал кейінгі уақытта қазақтың бай да құнарлы тілін аяқасты етіп шатып-бұтып жазылған, кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен ұғым түсінігі де шынайы қазаққа мүлдем сәйкес келмейтін шалажансар шығармалар біршама көбейді. Мұндай шығармаларды оқыған жас ұрпақ ертен қандай болып өседі? Бұл ойландырады.

Осыған орай, Президент Жарлығына сүйене отырып, қазіргі қолданыстағы «Қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу, басып шығару және тарату бағдарламасы» бойынша жарық көретін кітаптарға қойылатын шарт-талаптарды қайта қарап, жетілдіру керек.

ны ақтап, пайда әкелуге тиіс. Бізде кітап шығару мен таратуда осы жолға түсуіміз керек. Өкінішке қарай, мемлекеттік тапсырыспен кітап шығаратын баспалар бұған әлі жете алмай жүр. Соған орай, Президент Жарлығының негізінде кітап таралымын көбейтуге белсене кіріскен баспалар мен кітап таратушыларға қолдау көрсетуге нақты көңіл бөлу керек.

Бұрын бізде кітап шығарып, таратумен Баспа, полиграфия және кітап саудасы дейтін жеке комитет айналысатын. Қазір бұл жұмысты Мәдениет және ақпарат министрлігіндегі Құжаттама, архив және кітап істері комитеті жүргізеді. Бұған қарап кітап шығару құжаттама және архивтен кейінгі үшінші орынға ығыстырылған деп қорытынды жасауға болады.

Мұндай жағдайда халқымызды кітап оқитын ұлтқа қалай айналдырамыз? Президент Жарлығындағы көрсетілген кітап оқу мәдениетін дамытуды қайтіп

жүзі қазақтары қауымдастығында ұзақ жыл жұмыс істегенде жинаған тәжірибемге сүйеніп сәл басқашалау әңгіме айтайын. Біз қазақ әдебиеті туралы әңгіме болса, Қазақстанның өз ішіндегі әдебиет туралы ғана сөз қозғаймыз. Ал сонда Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын қазақтардың әдебиеті қайда қалады?! Мысалы, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан мен оған қарасты Қарақалпақстанда қазақша жазатын жазушылар жетіп артылады. Ресейдің Алтай сияқты аймақтарында да қазақша жазатын ақын-жазушылар бар. Міне, осылардың шығармалары қазақ әдебиетінің құрамына кіре ме, жоқ па?! Қазір бұл жөнінде әрегіздік шетелдегі қазақ әдебиеті деген азын-аулақ сөз айтылып қалады. Дегенмен бір халыққа ортақ ұлттық әдебиетті шекараға қалай бөлуге болады?!

Міне, осы жағдайларды ескере отырып, алдағы уақытта жер жүзінің барлық өңіріндегі қазақша жазылған туындылардың басын қосып, тұтас бір қазақ әдебиеті ретінде қарастырып, қажет жағдайда шетелдегі қазақ жазушыларына қамқорлық пен қолдау жасауды нақты ойластырған жөн. Бұған толық мүмкіндік бар. Мысалы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы кезінде шетелдегі қазақ жазушыларының шығармаларын басып шығаратын «Атажұрт» дейтін баспа ашып, мемлекеттік тапсырыс бойынша алыс-жақындағы қаламгерлердің біраз кітабын жарыққа шығарған. Енді осы жұмысты қайта жандандыруға әбден болады. Сонда әдебиеттегі бәсеке де күшейер еді.

– Қалай ойлайсыз, ұлттың жадын сақтайтын негізгі күш тарих па, әлде көркем әдебиет пе?

– Меніңше, халықтың жадын сақтауда тарих пен көркем әдебиет бірін-бірі толықтыратын екі қуатты күш. Яғни ең алдымен халықтың өткені туралы тарих нақты дәлелдері бар деректерге сүйене отырып ешқандай бұрмаланбай, барынша шынайы қалпында нақты жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпында жетуі керек. Сонда ғана тарих ұлт жадын сақтауға дұрыс ықпал ете алады. Тарихшылар қауымы бұл маңызды міндетті ойдағыдай орындап келе жатыр деп есептеймін. Дегенмен ғылыми-зерттеу ретінде қағазға түскен тарих қалың көпшілікке кеңінен тарай қоймайды. Соған орай, мұндай тарих әдеби туындыларға айналып кітап болып басылып, театр сахналары мен кино экрандарынан көрсетіліп, қалың көпшілікке жаппай жетуге тиіс. Бұл міндет – өте жауапты. Тарихи еңбекте жоғары бағаланған тұлға роман не повестің кейіпкері болып жарыққа шыққанда бұрынғы атак-даңқына сәйкес биік деңгейде суреттеле ме, жоқ әлде сөзі де, өзі де ешкімді елең еткізбейтін, тек қызыл сөзбен шежіре айтып сайрай беретін жай біреу болып көріне ме – бұл өте маңызды. Тарихи тұлғалар туралы драмалық шығарма жазып, көр-

кем фильм түсіргенде де бұл талап ерекше назарда болуға тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қазақ тарихы туралы жазылған зерттеу еңбектері де, бұл жөнінде дүниеге келген әдеби көркем туындылар да бірі-біріне сай, барынша жоғары деңгейде болуы керек.

ЖАСТАРҒА АЙТАР АҚЫЛ-КЕҢЕСІМ БАР

– Бүгінгі жастарға (әдебиеттегі) айтар арызыңыз бар ма?!

– Ешқандай арызым жоқ, бірақ азды-көпті ақыл-кеңесім бар. Мен жиырма жылға жуық Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында кинотеатр драматургия мамандығы бойынша курс жетекшісі, профессор ұстаз болып жүрмін. Драматург және сценарист болғысы келетін жастарды оқуға түскен күннен бастап диплом алғанша үзбей оқытамын. Соған орай шәкірттеріміздің әдеби өмірге алғашқы қадам басып, бірте-бірте шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуға бет бұрған төрт жылғы өмірі менің көз алдымда өтеді. Прозалық және драмалық шығармаларымен жақсы танымад Әлішер Рахат – менің шәкірттеріміздің бірі. Енді ол да менімен бірге Өнер академиясында ұстаз. Айдана Аламан, Мерей Қосын, Илияс Қыдырбаев сияқты шәкірттеріміз драматургия саласында жақсы жетістіктерімен көзге түсіп жүр. Айжан Ізімова да өзіммен бірге ұстаз. Қазір Шымкентте тұратын шәкіртім Ақмарал Айтбаева соңғы уақытта драматургия туралы байқауларда бірнеше рет алдыңғы қатардан көрінді.

Шәкірт тәрбиелеудегі осындай ұстаздық тәжірибемге сүйене отырып, әдебиетке алғаш қадам басқан жастарға төмендегідей әңгіме айтқым келеді:

Әдебиетке деген ынта-ықылас пен қызығушылық жер басып жүрген кез келген адамның бойынан байқалуы мүмкін. Бірақ бұл ерекшелік міндетті түрде жазушы боласың деген кепілдік емес. Шынайы жазушылық деңгейге көтерілу үшін қанша дарыған шығармашылық дарын-қабілет керек. Мысалы, кез келген адам әнші, күйші немесе суретші бола алмайды. Жазушылық та солай. Сондықтан әдебиетке қызыққан әрбір жас өзінің шығармашылыққа қаншалықты бейім екенін ертерек анықтап, сол бейімділігін одан әрі дамытуға күш салуы керек. Егер әдебиетке қызығушылығы күшті болғанымен, шығармашылық дарын-қабілетінің жеткіліксіздігі байқалса, оған да ренжудің қажеті шамалы. Өйткені әдебиетке жан-тәнімен қызығатын адамнан әдебиетке қатысты мықты зерттеуші-сыншы, білгір ғалым-ұстаз шығады. Жақсы журналист пен іскер мәдениет қайраткері болудың да қайнар көзі әдебиеттен басталады.

Бір сөзбен айтқанда, әдебиетке ынтызар болып өскен кез келген жастың болашақта үлкен өмірден өз орнын табатыны анық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

ЖЕҢІЛ ЕМЕС



Өлең БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

КІТАПТЫҢ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ

– Президент жуырда «Кітап оқу мәдениетін дамыту» туралы Жарлыққа қол қойды. Жалпы, Мемлекет басшысы қол қойған бұл Жарлықтың маңызы жоғары. Жастардың кітап оқуға деген ықыласын арттыру үшін не істеген жөн?

– Жарлықта бұл сұрағыңызға тікелей қатысы бар екі мәселе атап көрсетілген. Олар: «Туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау;

Баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру».

Бұл екі мәселе де өте өзекті. Өйткені жас ұрпақты дұрыс тәр-

Президент Жарлығындағы баспагерлер мен кітап таратушылардың қызметтерін ынталандыру жөніндегі мәселе де өте маңызды. Сонау 80- жылдардың аяғына дейін жазушыларымыздың кітаптары 30 мыңнан басталып, 70-80 мыңға дейінгі таралыммен жарық көретін. Ал қазір мемлекеттік тапсырыспен шығатын кітаптардың таралымы 2 мыңнан аспайды. Қазақстандағы кітапханалардың саны 12 мыңға жуықтайды. Ал сонда бірекі мың таралым 12 мың кітапхананың қайсысына жетеді? Кітап дүкендеріне қазақша кітаптар қалай түседі? Кітап оқығысы келген жастар жоқ кітапты қайдан тауып оқиды? Өркениетті елдерде кітап шығару мен тарату креативті индустрия негізінде жүзеге асырылады. Яғни кез келген кітап жарыққа шыққаннан кейін көптеп тарап, жұмсалған қаржы-

нақты жүзеге асырамыз? Бұл да ойландыруға тиіс мәселе.

Президент Жарлығында Үкіметке 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа заң жобасын әзірлеу туралы да тапсырма берілген. Біз бұл заңнан да үлкен үміт күтеміз.

БІР ХАЛЫҚҚА ОРТАҚ ӘДЕБИЕТ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

– Бұрын шығатын кітапқа талап қатаң болды. Әрі шығарманың мазмұнына да оқырман қатты көңіл бөлетін. Қазір ше? Қазақ әдебиетінде айтылмай, жазылмай жүрген тақырыптар бар ма? Қойылатын талап қандай?

– Бұл сұраққа негізінен әдебиеттанушылар мен сыншылар нақты жауап бере алады. Ал мен шетелдегі сан миллион қазақтармен байланыс жасайтын Дүние-



13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Бүгінде Шымкентте қоршаған ортаны қорғау мәселесі тек санитарлық тазалықпен шектелмейді. Қалада экологиялық мәдениетті қалыптастыру, жастарды зиянды әдеттерден қорғау, қоғамдық кеңістіктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның айқын көрінісі ретінде жуырда ұйымдастырылған «Есірткісіз қала», «Таза Қазақстан» және «Эколог сағаты» республикалық акцияларын атауға болады.

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Қазір қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – жастар арасында синтетикалық есірткінің таралуы. Цифрлық технологиялардың дамуына байланысты есірткі саудасының жаңа түрлері пайда болып, заңсыз айналым интернет кеңістігіне ауысқан. Осыған байланысты Шымкент қалалық Полиция департаменті мен Жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткізілген «Есірткісіз қала» акциясы қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды шаралардың бірі болды. Акция барысында коммуналдық қызметкерлер, еріктілер, спортшылар және белсенді жастар қала көшелерін аралап, ғимараттардың қабырғаларына, аялдамалар мен қоғамдық орындарға жазылған есірткі сататын сайттар мен байланыс арналарының жарнамаларын жою жұмыстарын жүргізді. Бұл әрекет бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, оның қоғам үшін маңызы зор. Себебі дәл осындай жарнамалар арқылы жастар заңсыз ресурстарға бағытталып, қауіпті ақпараттың ықпалына түсіп жатады.

Шымкент қалалық Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Арман Бейсенбаевтың айтуынша, бүгінгі күні есірткі бизнесінің басым

Қазақстанда соңғы жылдары қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жастардың саналы өмір салтын қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы азаматтардың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, қоғамдағы жауапкершілік құндылықтарын нығайтуға да серпін беріп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар еліміздің барлық өңірінде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Солардың қатарында Шымкент қаласы экологиялық бастамаларды қоғамдық қауіпсіздік пен жастар саясаты мәселелерімен ұштастыра отырып, кешенді жұмыстар жүргізіп келе жатқан өңірлердің бірі саналады.

ШАҒАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

бөлігі әлеуметтік желілер мен түрлі интернет платформа арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан құқық қорғау органдарының алдын алу шараларын күшейтуі уақыт талабынан туындаған қажеттілік болып отыр. Акция аясында жастармен кездесу ұйымдастырылып, есірткінің адам ағзасына тигізетін зияны, заң алдындағы жауапкершілік және саламатты өмір салтының артықшылықтары жөнінде кең көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Акция аясында қалалық Жастар ресурстық орталығының басшысы Жансерік Жұман мен белгілі спортшылар Біржан Жақыпов және Арман Оспанов жастарды спортпен шұғылдануға, білім алуға және заңсыз әрекеттерден аулақ болуға шақырды. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғау мәселесімен де тікелей байланысты. Өйткені қауіпсіз әрі саламатты қоғам қалыптастыру – таза әрі қолайлы өмір сүру ортасын құрудың маңызды құрамдас бөлігі.

ТАЗА АУЛАДАН – ТАЗА САНАҒА

Экологиялық мәдениет тек табиғатты қорғау шараларымен өлшенбейді. Ол адамның өз ауласына, көшесіне, қоғамдық кеңістікке деген жауапкершілігінен басталады. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкентте жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы тұрғындардың

деген жауапкершілігі артады. Үшіншіден, қоршаған ортаны қорғау мәселесі қоғамның ортақ құндылығына айналады.

Экологтардың пікірінше, ірі қалалардағы экологиялық мәселелердің басым бөлігі тұрғындардың тұрмыстық қалдықтарға немқұрайды қарауынан туындайды. Сондықтан экологиялық ахуалды жақсартудың ең тиімді жолдарының бірі – тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

«ЖАСЫЛ» БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Шымкент қаласында ұйымдастырылған «Эколог сағаты» республикалық акциясы осы міндетті жүзеге асыруға бағытталған маңызды алаң болды. Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық күні мен Эколог күніне орай М.Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледжінің базасында өткізілген шараға эколог мамандар, педагогтер, табиғат қорғау ұйымдарының өкілдері және студент жастар қатысты. Іс-шара

мен өзекті мәселелер туралы кеңінен өңгімеледі.

Жиында сарапшылар өңірдегі экологиялық жағдайға талдау жасап, қоршаған ортаны қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Әсіресе, студент жастардың коқысты сұрыптау, қайта өңдеу мәдениеті, эковолонтерлік қозғалыстар және табиғатты сақтау жөніндегі жобалары көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Бұл жастардың экологиялық мәселелерге бейжай қарамайтынын және қоғамдағы оң өзгерістердің қозғаушы күшіне айналып келе жатқанын көрсетеді. «Экологтан сұра» ашық диалог алаңы студенттер мен мамандар арасында еркін пікір алмасуға мүмкіндік берді. Мұндай кездесулер экологиялық сауаттылықты арттырумен қатар, жастардың табиғатты қорғау ісіне белсенді араласуына ықпал етеді.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі кезеңде экологиялық мәселелерді шешу тек мемлекеттік органдардың немесе арнайы мекемелердің құзырындағы шаруа емес. Климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы, қалдықтарды басқару мәселелері әрбір азаматтың қатысуын талап етеді. Шымкентте қолға алынған бастамалардың ерекшелігі де осында. Мұнда экологиялық жұмыстар тек сенбілік өткізумен шектелмей, жастар тәрбиесімен, қоғамдық қауіпсіздікпен және азаматтық жауапкершілікті қалыптастырумен сабақтастырылып отыр. Бұл – заманауи урбанистік даму талаптарына сай келетін кешенді тәсіл. Бүгінде қалада экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында білім беру ұйымдары, жастар ұйымдары, еріктілер қозғалысы, құқық қорғау органдары және коммуналдық қызметтер бірлесіп жұмыс істеуде. Мұндай өзара іс-қимыл қоғамдағы экологиялық жауапкершілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан «Есірткісіз қала», «Таза Қазақстан» және «Эколог сағаты» сияқты бастамалар қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жастардың саналы өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың өзара сабақтас екенін көрсетеді. Таза көше, қауіпсіз орта және экологиялық сауатты ұрпақ тұрақты дамудың басты кепілі. Сондықтан Шымкентте қолға алынған мұндай жобалар бір қаланың ғана емес, тұтас елдің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қосылған маңызды үлес ретінде бағалануға тиіс. Өйткені табиғатты қорғау – келешек ұрпақ алдындағы мол жауапкершілік.



экологиялық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған маңызды қоғамдық қозғалысқа айналып келеді. Акция аясында Қаратау ауданындағы Жоғарғы Отырар шағынауданының тұрғын үйлерінде кең көлемді тазалық жұмыстары жүргізілді. Аулалар коқыстан тазартылып, шөптер орылды, ағаштар мен бұталар ретке келтірілді. Сонымен қатар Бадам өзенінің жағалауы, Тассай және Еңбекші аудандарының аумақтарында санитарлық тазалық пен көріктендіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Мұндай шаралардың маңызы бірнеше бағыттан көрінеді. Біріншіден, қаланың санитарлық жағдайы жақсарды. Екіншіден, тұрғындардың қоғамдық ортаға

барысында экологиялық білім беру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және табиғатты қорғау бағытындағы заманауи тәсілдер кеңінен талқыланды. Жиынның ашылуында Шымкент қаласы Білім басқармасының бөлім басшысы Айгүл Рүстемова қатысушыларды кәсіби мерекелермен құттықтап, қоршаған ортаны қорғау ісінде жастардың белсенділігінің маңыздылығына тоқталды. Ал Шымкент қаласы бойынша Экология департаментінің басшысы Ермахан Қозыбаев «Қазіргі экологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында баяндама жасап, өңірдегі экологиялық ахуал, табиғатты қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар

Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 53 мекенжайы бойынша орналасқан «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бекітілген тарифтік сметаны, инвестициялық бағдарламаны орындауға қатысты, реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және тауарлық газды магистралды газ құбырлары арқылы тасымалдау бойынша 2026 жылдың 1-ші жартыжылдығында «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылардың және өзге де мүдделі

тұлғалардың алдындағы жыл сайынғы есебін тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Тыңдау 2026 жылғы 15 шілде күні, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 53, 9 қабат, сағ. 16.00-де өткізіледі.

Тыңдаушылар тізімін алдын ала қалыптастыру 2026 жылғы 14 шілде күні сағ. 17.00-де аяқталады.

Қызығушылық білдірген жағдайда +7-727-3423-683 телефоны бойынша тыңдауларға қатысу үшін өтінім берулеріңізді сұраймыз.

АРЗАН КӨЛІК

АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛМАЙ ТҰР

Кейінгі кездері шетелдік нөмірлі көліктер мәселесі дауға айналып барады. Жақында ғана Атырауда шетелдік нөмірлі көліктердің бір топ жүргізушісі көшеде жиналып, оқиға орнына полиция қызметкерлері келгені белгілі. Қазір шетелдік нөмірлі көліктердің ортақ проблемасы – сақтандыру мен машинаны тіркеу жайы екені белгілі. Күшейтілген рейд кезінде қомақты айыппұлға іліккен көлік жүргізушілері шетелдік машиналарды қазақстандық тіркеуге қою қымбат екенін айтып шағымданған болатын.

А Баян
ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Бейресми деректерге сенсек, қазір бір ғана Атырау облысында 5000-нан астам шетелдік көлік бар. Олардың көпшілігі Грузия мен Арменияда тіркелген. Атыраулықтардың көпшілігі шетелдік машинаны сенімхат арқылы тізгіндеп жүр.

«Қазақстандағы көлік бағасы қарапайым адам үшін қолжетімді емес. Банктен несие алсаң, үстеме ақысы көп. Сондықтан көп адам Грузия немесе Армениядан көлік әкелуге қызығады. Бағасы да арзан, жағдайы да жақсы көрінеді. Сондықтан мемлекет біз сияқты қарапайым азаматтардың жағдайына қарап, тіркеу мен сақтандыру ақысын еселеп жеңілдетсе, заңды бұзбай өз жөнімізбен жүре береміз», — дейді жүргізуші Ерлан Тасболатов.

Алайда дәл қазір шетелден алып келетін арзан көлік тиімді шешім болмай отыр. Өйткені мұндай көліктердің заңдық мәртебесі, сақтандыру рәсімдері және тіркеу мәселелерінің соңы үлкен қиындықтарға алып келуде.

«Қазақстанның заңнамасы бойынша, міндетті автосақтандыру жүйесі – көліктің мемлекеттік дерекқорда тұрақты тіркелуіне негізделген. Ал уақытша тіркелген көліктер бұл жүйеге толық енгізілмейді. Қалай десек те, мұндай көліктердің тәуекелі жоғары. Өйткені жол апаты болған жағдайда көліктің нақты иесін анықтау, материалдық шығынды өндіру немесе құқықтық жауапкершілік жүктеу қиындық тудыруы мүмкін», — дейді Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердоулет.



Кедендік әкімшілік басқармасының бөлім басшысы Рүстем Жайлашевтың айтуынша, Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін мемлекеттерден әкелінген көліктер міндетті түрде кедендік ресімдеуден өтуге тиіс.

«Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстаннан әкелінген автокөлік құралдары үшін кедендік ресімдеу талап етілмейді. Өйткені бұл мемлекеттер Еуразиялық эко-

номикалық одақтың мүшесі саналады», — дейді Рүстем Жайлашев.

Заңгерлердің пікірінше, бұл мәселе тек әкімшілік бақылаумен шектелмейді. Мұндай жағдайда жол апатынан зардап шеккен азаматтардың құқығын қорғау да күрделене түседі. Атырау облысы бойынша Полиция департаментінен білгеніміздей, жыл басынан бері Атырауда шетелдік көліктерге 12 мыңнан астам айыппұл салынған.

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «Петропавловск ауыр машина жасау зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ПАМЗ» АҚ) 100% (жүз пайыз) жай акцияларын сату жөніндегі электрондық конкурстың өткізілетіні туралы жариялайды, ол **2026 жылғы «30» маусымда сағат 11.00-де (Астана уақыты бойынша)** Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-qazyna.kz веб-порталында (бұдан әрі – Веб-портал) басталады.

Өткізу Компанияның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 2 наурыздағы шешімімен (№ 4/26 хаттама) бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін өткізу, қайта құрылымдау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) және «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 23 мамырдағы № 66 хаттама) бекітілген Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық конкурса шығарылатын:
Активтің атауы: «Петропавловск ауыр машина жасау зауыты» акционерлік қоғамының 100% (жүз пайыз) жай акциялары (бұдан әрі – Актив).

Меншік иесі: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.
«ПАМЗ» АҚ шығаратын өнімдері мен көрсететін қызметтері:

- 1) ұтқыр бұрғылау және көтеру қондырғылары. Ұңғымаларды бұрғылау мен жөндеу үшін пайдаланылады;
- 2) сервистік қызмет көрсетуге арналған арнайы техника (автоцистерна, цементтеу және жөндеу автомобильдері, қышқыл жеткізетін жылжымалы қондырғы);
- 3) көтеру агрегаттары мен арнайы техниканың қосалқы бөлшектері (цементтеу және үш плунжерлі сорғылар, гидравликалық спайдер, гидротор, кілттер – шынжырлы, штангалы, құбырлы);
- 4) энергетикалық жабдықтар (қазандықтардың газ өткізбейтін панельдері, ауа жылытқыштар, газ бен ауа салқындатқыштар, бу қыздырғыш пакеттері);
- 5) жылу алмасу жабдықтары (ауамен салқындату аппаратының секциялары, жылу алмастырғыштар, сыйымдылықтар, сепаратор, тұтқыр мұнай өнімдерін төменнен ағызуға арналған аппарат);
- 6) теміржол жабдықтары (рельсті көтергіш, гидравликалық айырғыш, т/ж

домкраты, ауа резервуары, шпал нығыздаушы блоклар).

Активтің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Я. Гашек көшесі, 1-ғимарат.

Активтің бастапқы бағасы: 18 791 748 000 (он сегіз миллиард жеті жүз тоқсан бір миллион жеті жүз қырық сегіз мың) теңге.

Активті өткізудің ерекше шарттары:

- 1) «ПАМЗ» АҚ қызметінің бейінін (мамандануын) сақтау;
- 2) «ПАМЗ» АҚ-ның жұмыс орындарын сақтау немесе жаңаларын құру;
- 3) «ПАМЗ» АҚ қызметкерлерінің жалпы штаттық санынан Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде үштен екісін сақтауды қамтамасыз ету;
- 4) сатып алушыға меншік құқығы өткеннен кейін 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде Активке қатысты мәмілелер жасауға (қайта сату, кепілге қою, басқаруға беру және басқалар) шектеу қою және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салу.

Сатып алушы Активті иеліктен шығарған жағдайда (толық немесе ішінара), сатып алушы Активтің жаңа меншік иесінің Активті сатып алу-сату шартында көрсетілген барлық ерекше шарттарды қабылдауын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

5) Компания бекіткен нысандар бойынша Активті сатып алу-сату шартына және «ПАМЗ» АҚ-ның Компания алдындағы кредиторлық берешегін өтеу туралы келісімге қол қою;

6) «ПАМЗ» АҚ-ның Компания алдындағы кредиторлық берешегін (берешектің барлық түрлерін) сатып алу бағасын төлеуді бөліп төлеу кезеңінен кешіктірмей өтеу және сатып алушының «ПАМЗ» АҚ-ның Компания алдындағы кредиторлық берешегін (берешектің барлық түрлерін) өтеу бойынша кепілдіктер беруі;

7) «ПАМЗ» АҚ өндірісін технологиялық жаңғырту» инвестициялық жобасы шеңберіндегі «ПАМЗ» АҚ инвестицияларының көлемі, түрлері мен мерзімдері бойынша міндеттемелерді қабылдау;

8) сатып алушының Компания алдындағы ақшалай міндеттемелері толық орындалғанға дейін «ПАМЗ» АҚ-ның жылжымайтын және жылжымалы (білдектер, жабдықтар, көлік құралдары) мүлкін сақтау;

9) жалақы, салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша «ПАМЗ» АҚ-ның берешегін өтеу (бар болған жағдайда);

10) «ПАМЗ» АҚ-ның мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау және азаматтық өнімдерді шығару шеңберіндегі ағымдағы шарттық міндеттемелерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету.

Актив құнын бөліп төлеудің келесі шарттары көзделген:

1) сатып алу бағасының кемінде 30% (отыз пайыз) мөлшеріндегі бастапқы төлем Активті сатып алу-сату шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төленеді, бұл ретте кепілдік жарна көрсетілген бастапқы төлем есебіне есептеледі;

2) сатып алу бағасының қалған бөлігі Шартқа сатып алу бағасын төлеу кестесіне сәйкес тоқсанына кемінде бір рет мерзімділікпен төленуге тиіс, бұл ретте бөліп төлеу кезеңі Шарт жасалған күннен бастап 24 (жиырма төрт) күнтізбелік айдан аспауы керек;

3) сатып алушы бастапқы төлемді енгізген күннен бастап және/немесе Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін сатып алушы сатып алу бағасын толық төлегенге дейін сатып алу бағасының қалдығына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі негізінде индекстеу есептеледі;

4) Компания тоқсан сайын Шартқа сатып алу бағасын төлеудің белгіленген кестесіне сәйкес индекстеуді есептеуді және сатып алушыға есептелген индекске мөлшері туралы хабарлама-хат жібереді;

5) есептелген индекскеуді төлеуді сатып алушы Шартқа сатып алу бағасын төлеудің белгіленген кестесіне сәйкес тоқсанына кемінде бір рет мерзімділікпен сатып алу бағасының сомаларын енгізумен бір уақытта жүзеге асырады;

6) Активке меншік құқығын беру Шарт және кредиторлық берешекті өтеу туралы келісім бойынша сатып алу бағасы мен «ПАМЗ» АҚ-ның Компания алдындағы кредиторлық берешегі (берешектің барлық түрлері) толық төленгеннен кейін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Активті қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Актив және «ПАМЗ» АҚ туралы қосымша ақпаратпен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (Сатушы) мекенжайына ke@ke.kz, keprivatization@ke.kz электрондық пошталарына ресми сұрау салу жіберу арқылы таныса аласыз. Сұрау салу электрондық конкурстың өтінімдерді қабылдау мерзімі

кезенінде қабылданады. Ақпарат құпиялық туралы келісімге қол қою шартымен беріледі.

Электрондық конкурса қатысушыларды тіркеу Веб-порталда хабарлама Веб-порталда жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электрондық конкурс басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады.

Электрондық конкурса қатысушыларға қойылатын талаптармен Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-qazyna.kz веб-порталында танысуға болады.

2 818 762 200 (екі миллиард сегіз жүз он сегіз миллион жеті жүз алпыс екі мың екі жүз) теңге мөлшеріндегі кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ: KZ94601711100000330; БИК: HSBKZKX. Төлемнің мақсаты: электрондық конкурса қатысу үшін кепілдік жарна (банк қызметтеріне ақы төлеу кепілдік жарнаның мөлшеріне кірмейді). Кепілдік жарна ретінде банктік кепілдік қабылданады.

Кепілдік жарнаның «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Электрондық конкурса жөніске жеткен қатысушы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама электрондық конкурстың нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сатып алу бағасы бойынша Активті сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

Электрондық конкурсты өткізу тәртібі, электрондық конкурса қатысуды ресімдеу тәртібі туралы ережелермен, Жеңімпазды анықтау шарттарымен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның www.e-qazyna.kz сайтында көпшілік қолжетімді жерде орналасқан Регламенттен танысуға болады.

Сауда-саттықты өткізу туралы қосымша ақпаратты www.e-qazyna.kz сайтынан қарауға немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1112, 1957) («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) телефондары арқылы алуға болады.

МӘСЕЛЕ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Күн жылына бастағанда балалар мен ересектердің велосипед мінуі үйреншікті құбылыс. Велосипед бір жағынан шығыны аз көлік түрі болса, екіншіден – денсаулыққа пайдалы құрал. Алайда велосипед мінудің түрлі қатері бар екені рас. Оған кейінгі жылдардағы статистика нақты айғақ бола алады. Өткен мамыр айының өзінде Астанада екі адам велосипед мініп жүріп автокөліктің астына түсіп, қайтыс болды. Демек, велосипед міншілердің де, жүргізушілердің де мұқият болмағы өзекті деген сөз.

ғана жасайды. Шамасы, велосипедшілер өз қателігінен сабақ алсын дейтін болса керек. Тиісті сала қызметкерлері кейіпкерімізге де ескерту жасаған кез болыпты.

«Иә, бір рет болды. Кешкі уақытта жарық шамымды қоспай жүргенімді полиция қызметкері байқап қалды. Ол мені тоқтатып, қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Айыппұл салынған жоқ, тек ескерту жасады. Қазір велосипедімнің алдыңғы

жүргізушіге белгі беріп, жүргізушінің оны көргеніне көз жеткізуі керек. Яғни, бағдаршамға келген кезде тоқтап тұрса да, жүргізушінің жол беріп, не бермей тұрғанын анықтап алған дұрыс. Ештеңеге қарамай, «менікі дұрыс» деп өте салуға болмайды. Әр адам, әр велосипед жүргізушісі өз қауіпсіздігіне жауапкершіліктен қарауға тиіс», – дейді ол.

Біз велосипедшілердің ішінен балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл аудардық. Себебі балалар бұндай жағдайлардың қауіпті екенін әрдайым түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан ата-ана балаға жол қауіпсіздігі туралы көбірек айтқаны абзал. Сонымен қатар мектептерде және басқа да қоғамдық орындарда осындай тақырыптарға байланысты сабақтар мен практикалық іс-шаралар көбірек өтізілгені дұрыс шығар. Әсіресе, жүк көліктерінен сақтану өзекті болып тұр. Мамырда қаза тапқан бала жүк көлігінің астына түсіп қалған болатын. Демек, жол қозғалысы ережесін үйрету барысында жүк көліктеріне ерекше назар аударған жөн шығар. «Жүк көлігін жүргізу жеңіл көлікке қарағанда қиынырақ. Олардың көріну аймағы да шектеулі. Жүргізушінің назары көбіне көлікті басқаруға ауатындықтан, бұрылыстарда және бағдаршам маңында жаяу жүргіншілер мен велосипед жүргізушілері ерекше сақ болуы керек. Әсіресе, үлкен жүк көлігі немесе автобус келе жатқан кезде мұқият болған жөн», – деді Мейірбек Тойбаев.

ВЕЛОСИПЕД МІНГЕНІҢ –

ҚАУІППЕН
ҚАТАР ЖҮРГЕНІҢ

Статистика деректеріне сенсек, елімізде балалар мен ересектерді қоса есептегенде шамамен 100 мыңдай адам велосипед мінеді. Бірақ олардың барлығы велосипедшінің де жол қозғалысының толыққанды қатысушысы екенін біледі десек, артық айтқандық болар еді. Тіпті, велоэуескойлардың басым бөлігі жол ережесін бұзғаны үшін өздеріне айыппұл салынуы мүмкін екенінен хабардар болмауы да ықтимал. Ал жол қозғалысы ережесін бұзу тек айыппұлмен шектелмейді. Өкінішке қарай кейде ереже бұзу адам өмірін де қиып жатады. Мысалы, Астана қаласында 26 мамыр күні 11 жастағы бала, 30 мамырда 35 жастағы ер азамат велосипед мініп жүріп көлікке соғылды, салдарынан екеуі де көз жұмды. Ал былтыр еліміз бойынша велосипедшілер мен электросамокат жүргізушілерінің қатысуымен 210 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Бұл оқиғалардың 116-сы Алматыда, 45-і Астанада тіркелген. Алайда Ішкі істер министрлігі әдетте велосипед пен электросамокат мінгендердің оқыс оқиғаларға ұрынуы жөніндегі аймақтар бойынша деректерді ресми түрде таратпайтынын ескеру керек. Көбіне жалпы мәліметтерді ғана ұсынады. Ал жалпы велосипед мініп жүріп оқыс оқиғаларға көбіне балалар мен жасөспірімдер ұрынып қалатыны жасырын емес.

Айталық, былтырғы жылдың алғашқы бес айында Астанада велосипед мінген балалардың қатысуымен 43 рет жол-көлік оқиғасы болған. Биылғы бес айда мұндай оқиға 52-ге жетіпті. Яғни, былтырғымен салыстырғанда 20,9%-ға өсті деген сөз. Салдарынан 53 бала зардап шегіп, бір бала көз жұмды. Бұл статистиканы өткен аптада Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы Бауыржан Токжұманов айтты. Ал жаздың енді басталғанын ескерсек, оқыс оқиғалар саны күзге дейін біршама көбеюі мүмкін. Сондықтан велосипедшілердің де жол қозғалысы ережесіне мұқият болуы керек.

ЕРЕЖЕНІ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ

Әдетте көбіміздің жол-қозғалысы ережелерін тек көлік жүргізушілерге ғана қатысты норма ретінде бағалайтын кездеріміз болады. Іс жүзінде бұл ережелерге көлік жүргізуші де, велосипедші де, жаяу жүргінші де бағынуы керек. Өйткені аталған ережелер адам өмірін сақтауға бағытталған. Ережеде жол-қозғалысына қатысушылардың барлығының құқығы ескеріледі. Мысалы, велосипедшінің кесірінен жол-көлік оқиғасы тіркелсе, олар да жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 615-бабына сәйкес, жол қозғалысы ережелерін бұзған велосипедшіге 2 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған. 2026 жылы бұл шамамен 8 650 теңгені құрайды. Егер ереже бұзудың салдарынан басқа адамның денсаулығына жеңіл зиян келтірілсе немесе материалдық шығын келсе, айыппұл 10 АЕК-ке дейін, яғни шамамен 43 250 теңгеге дейін өседі. Ал осындай құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 20 АЕК (шамамен 86 500 теңге) мөлшерінде айыппұл салынуы немесе әкімшілік қамау қолданылуы мүмкін.

Жалпы, велосипедшінің веложолмен немесе жолдың оң жақ жиегімен жүруі міндеттелген. Әрі велосипед жылдамдығы сағатынан 20 шақырымнан аспауы керек. Жаяу жүргіншілер жолымен жүруге рұқсат етілгенімен, оның да нақты талабы бар. Велосипедші өзгелерге қауіп төндірмеуге тиіс. Сонымен қатар велосипедпен қараңғыда жүру үшін алдыңғы жағында жарық шамдары, артында кемінде қызыл жарықты шам немесе жарық шағылыстырғыш болуы керек. Сондай-ақ велосипедтің бүйірінде де жарық шағылыстырғыштар болуға тиіс. Велосипедші қорғаныс дулығысын киіп жүруге міндетті. Жаяу жүргіншілер өткелінен өтерде велосипедтен түсуі керек. Рөлді ұстамай немесе бір колмен ғана ұстап жүруге, велосипед мінгенде құлаққап тағып жүруге болмайды. Бірақ көп адам мұндай ережелерді ескермейді немесе кейін еске

және артқы жарық шамдарын үнемі қосып жүреміз», – дейді кейіпкеріміз.

Ал біз сөз басында айтып өткен жол-көлік оқиғалары велосипедшілердің жүк көлігіне соғысуының салдарынан болды. Осы тұста жүк және жеңіл көлік жүргізушісі Мейірбек Тойбаев екі жақтың да абай болуы қажет екенін айтты.

«Меніңше, екі жақ та кінәлі болуы мүмкін, өйткені екі жақ та өте сақ болуы керек. Мысалы, велосипед жүргізушісі жаяу жүргіншілер өткеліне келген кезде «мені жібереді» деп өте сенімді болып, велосипедтен түспей өтіп кетеді. Өйткені велосипедтің немесе самокаттың жылдамдығы жоғары болады. Ал көлік жүргізушісі ар жақтан келе жатқан велосипедшіні түзу өтіп кетеді деп ойлауы мүмкін. Бірақ велосипед немесе самокат жүргізушісі кенеттен бұрылып, жасыл түске қарай жүріп кетеді. Ал көлік

Астана қаласында 26 мамыр күні 11 жастағы бала, 30 мамырда 35 жастағы ер азамат велосипед мініп жүріп көлікке соғылды, салдарынан екеуі де көз жұмды. Ал былтыр еліміз бойынша велосипедшілер мен электросамокат жүргізушілерінің қатысуымен 210 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті.

алып жатады. Бізге пікір білдірген әуесқой велосипедші Мирас Жандосов жол ережелерін әу баста ескермегенін де мойындады. Кейін мұқият болуды үйреніпті.

«Бір күні кешке жұмыстарымды бітіріп, үйге қайтып келе жатқанмын. Веложолмен жүріп, жол қиылысында бағдаршамның жасыл түсін күтіп тұрдым. Жасыл жанып енді жолдан өтейін деген кезде бір көлік жүргізушісі маған жол бермей, бұрылып кетті. Мен бірден велосипедті тоқтатып, соқтығысудан аман қалдым. Осыдан кейін жолдан тек велосипедтен түсіп өтетін болдым», – дейді М.Жандосов.

Әрине, кейіпкеріміз өз қателігін дер кезінде аңғарған. Алайда мұндай қателік жасайтындар көп кездеседі. Ал полиция қызметкерлері әдетте оларға көбіне ескерту

белгілі бір жылдамдықпен келе жатады. Оның тоқтау қашықтығы бар, сондықтан қанша тежегіш басқанымен, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін. Көлік жүргізушісі де, велосипедші де жылдамдығын азайтпай, екеуі де «бағдаршамның жасыл түсіне үлгеремін» деуі ең қауіпті сәт», – дейді Мейірбек Тойбаев.

Сонымен қатар кейіпкеріміз ЖКО кезінде көбіне көлік жүргізушілері айыпталаынын айтады.

«Бағдаршамның жасыл түсіне өтіп бара жатқан велосипедшіні көлік қағып кетсе, заң бойынша көбіне көлік жүргізушісі кінәлі болып саналады. Мұндай жағдайда велосипед жүргізушісінің әрекеті заң тұрғысынан әрдайым ескерілмеуі мүмкін. Сондықтан велосипед жүргізушісі де, жаяу жүргінші де

ҚАУІПСІЗДІККЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
ДА ӘСЕР ЕТЕДІ

Негізі, велосипедшілердің қауіпсіздігі туралы сөз еткенде инфрақұрылым мәселесіне де назар аудару керек. Өкінішке қарай, еліміздің көптеген қаласында велосипедке арналған толыққанды инфрақұрылым жоқ. Астананың өзінде барлық ауданда заманауи велосипед жолдары жеткілікті деуге келмейді. Рас, қалада ұзындығы 23 шақырым болатын әдемі веложол бар. Бірақ көптеген көшеде арнайы жолдар әлі де жетіспейді.

Алматыдағы веложолдардың жалпы ұзындығы 100 шақырымға жақындады. Шымкент, Қарағанды, Өскемен қатарлы бірқатар қалаларда да бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Алайда веложолдар салынбаған көшелер барлық қалада бар. Әрі қалалардағы веложолдар фрагменттелген, яғни бір-бірімен толық жалғасып жатқан жоқ. Ал велосипедшілер күн санап көбейіп келеді. Сондықтан қауіпсіздік мәселесі күн өткен сайын өткір бола түсуі мүмкін.

Әуесқой велосипедші Мирас Жандосовтың ойынша, қауіпсіздік деңгейін төмендетіп отырған басты мәселе – тиісті инфрақұрылымның жеткіліксіз болуы.

«Менің ойымша, басты мәселе – барлық жерде веложолдардың болмауы. Әсіресе, он жағалауда веложолдар мүлдем жоқ десе де болады. Сондықтан кейбір көшелерде велосипедпен жүру ыңғайлы болса, кейбір жерлерде көліктердің арасымен жүруге тура келеді. Бұл ересек адамдар үшін қауіпті болса, балалар үшін тіпті қорқынышты», – деп кейіпкеріміз пікір білдірді.

Әрине, инфрақұрылым мәселесі ірі қалалар мен облыс орталықтарында кезек-кезеңімен реттелуі мүмкін. Бірақ әзірге велосипедшілерге арналған арнайы жолдар ауылдықтар үшін әлі де арман күйінде қалатын сияқты.

Велосипед – экологиялық таза әрі қолжетімді көлік. Алайда оның қауіпсіздігі тек велосипедшінің сақтығына ғана емес, жол қозғалысы мәдениетіне және инфрақұрылым сапасына да байланысты. Сондықтан жүргізушілер де, велосипедшілер де жол ережелерін қатаң сақтап, ал жергілікті билік қауіпсіз велоинфрақұрылымды дамытуға басымдық бергені жөн. Сонда ғана қайғылы оқиғалардың алдын алуға болады.

Нұрай ТІЛЕК,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

АЙМАҚ

13 МАУСЫМ 2026 | СЕБІ

РИСМАШТАҒЫ ҚАСІРЕТ:
САБАҚ АЛАР СӘТ ҚАШАН?

Қызылорда қаласындағы Рисмаш шағынауданында алты жасар қыздың суға кетіп қаза болуы қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызды. Бұл қайғылы жағдай балалар қауіпсіздігі мен су айдындарындағы бақылау мәселесін қайтадан күн тәртібіне шығарды.



Бейкүнә бүлдіршінді іздестіру жұмыстары үш тәулікке созылды. Балғын ғұмырдың аман табылуына алаңдаған тұрғындар іздеу шараларына белсенді қатысты. Құзырлы органдар тарапынан да жұмыстар жедел ұйымдастырылып, 495 адам, 17 техника, 3 қайық және 3 кинологиялық топ жұмылдырылды.

Өкінішке қарай, елді елендеткен жағдай ел күткендей жақсы нәтиже көрсетпеді. Бүлдіршінің денесі жоғалған жерден шамамен 30 шақырым төмен орналасқан «Әйтек» су торабы маңынан табылды. Бұл жағдай дария мен су арналары маңындағы қауіпсіздік жүйесінде әлі де шешімін таппаған түйткілдердің бар екенін көрсетті. Әсіресе, тұрғын үйлерге жақын орналасқан қауіпті аймақтарда бақылау мен қорғаныс шараларының жеткіліксіздігі байқалды. Кейбір жерлерде бейнебақылау камералары мүлде орнатылмаған немесе олардың саны жеткіліксіз.

Жалпы, мұндай жағдай өңірде алғаш рет болып отырған жоқ. Жыл сайын Сырдария мен түрлі су арналары адам өміріне қауіп төндіріп келеді. Биылдың өзінде бірнеше адамның суға кету фактісі тіркелген.

Дегенмен су қауіпсіздігі мәселесі мүлде назардан тыс қалып отыр деуге болмайды. Облыс аумағында 19 ірі канал, 220 шағын канал және 207 көл бар. Мамандар жүргізген зерделеу нәтижесінде 63 қауіпті учаске анықталып, оларға ескерту белгілері мен билбордтар орнатылған.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің дерегіне, өңірде әр шомылу маусымы қарсаңында профилактикалық жұмыстар күшейтіледі. Алайда қайғылы оқиғалардың жалғасуы қолданыстағы шаралардың жеткіліксіз екенін аңғартады. Себебі мәселе тек ескерту белгілерін орнатумен немесе рейдтер өткізумен шешілмей тұр.

Негізінен, қала тұрғындары тарапынан қауіпсіз әрі қолжетімді жағажайлардың тапшылығы туралы мәселе жыл сайын көтеріліп келеді. Бұл тұрғыда Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мәліметінше, бүгінде қала аумағында рұқсат етілген 15 демалыс орны жұмыс істейді. Сонымен қатар тұрғын-

дардың бірнеше жылдан бергі басты сұранысына айналған Тасбөгет кентіндегі «Эдельвейс» жағажайын іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

Алайда жүргізілген зерделеу нәтижесінде төтенше жағдайлар қызметінің мамандары жағажайдың суға түсу маусымына толық дайын еместігін анықтаған. Қазір анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Сыр самалы» жағажайын реконструкциялау және Көксу аймағын жағажай талаптарына сәйкес заңдастыру бағытындағы жұмыстар да қолға алынған.

«ҚР Экология департаментінің келісімі, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының рұқсаты және «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» қаулыға сәйкес, жағажайға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нақты айтқанда, жоғарыда аталған қаулы негізінде 1 маусым күні Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы төтенше жағдайлар департаментінің желел құтқару жасағы мамандарымен «Эдельвейс» жағажайының суға түсу маусымына дайындық деңгейіне зерделеу жүргізді. Зерделеу нәтижесінде төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағы мамандары тарапынан жағажай суға түсу маусымына дайын еместігі жайлы акт толтырылды. Қазір аталған акт ескертпелерін жою жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Сыр самалы» жағажайына реконструкция жұмыстарын жүргізу, ашық су айдыны Көксу аймағын жағажай талаптарына сай заңдастыру шаралары қарқын алды», — дейді бөлім тарапынан.

Сондықтан қауіпсіз жағажайлар ашумен қатар, ашық су арналарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне де басымдық берілуі қажет. Атап айтқанда, қауіпті аймақтарды қоршау, бейнебақылау жүйелерін орнату, жарықтандыруды күшейту, ескерту белгілерін көбейту және құтқару қызметтерінің жұмысын жетілдіру маңызды.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ШОМЫЛУДЫҢ ДА
ШАРТЫ БАР

Жаз мезгілі – балалар үшін ең көңілді демалыс уақыты. Алайда дәл осы кезеңде қауіпсіздік мәселесі де өзекті бола түседі. Әсіресе, су айдындарындағы қайғылы оқиғалар қоғамды алаңдатып отыр. Қазақстанда жыл сайын шомылу маусымында ондаған адам суға кетеді, олардың арасында балалар саны аз емес. Себебі бақылаусыз қалған немесе қауіпсіздік ережелерін сақтамаған балалар түрлі оқыс жағдайларға тап болуы мүмкін.

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, 2025 жылғы шомылу маусымында Қазақстан бойынша 276 адам құтқарылған. Оның ішінде 85-і – балалар. Ал қайтыс болған адам саны – 125, оның ішінде 39-ы – балалар. 2024 жылғы шомылу маусымында 50 бала суға кеткен. Биыл мамырдың соңында Түркістан облысында бір үйдің 6 және 13 жастағы екі баласы, 9 маусымда Батыс Қазақстан облысында мектеп бітірген үш түлек суға кетіп, көз жұмды. Жалпы, соңғы үш жылда ел бойынша 164 бала суға кетіп, қайтыс болыпты. Ал соңғы он жылда Қазақстанда екі мыңнан астам адам суға кетсе, олардың 701-і – балалар.

Қайғылы жағдайлардың барлығы дерлік шомылуға рұқсат етілмеген, арнайы жабдықталмаған аумақта немесе суға жүзу ережелерін сақтамағандықтан болып отыр. Бұл оқиғалар балаларды қараусыз қалдырмаудың және су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаудың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Төтенше жағдайлар министрлігінің медиа қызметкерлеріне ұсынған мәліметіне сәйкес, осы маусымда елде су жағасында жаппай демалуға арналған 730-дан астам рұқсат етілген орын анықталған. Олардың ішінде 257 коммуналдық және 433 жеке жағажай бар. Сонымен қатар күзетілмейтін су аймақтарында шамамен 170 мобильді құтқару бекеті орна-

ластырылады. 760 қауіпсіздік белгісі қойылып, құтқарушылар мен полиция қызметкерлері мыңдаған рейд жүргізген. Нәтижесінде, судағы қайғылы оқиғалар саны 22 пайызға азайған. Төтенше жағдайлар министрлігінің басқарма басшысы Магомед Ахриевтің айтуынша, басты мәселе – балалардың қараусыз қалуы салдарынан болатын қайғылы жағдайлар. Балалар өлімінің 95 пайызы дәл осы себеппен байланысты. Сонымен қатар жиі кездесетін себептің бірі – тексерілмеген әрі жабдықталмаған жерлерде суға шомылу.

Fitness Palace су бағдарламасының жетекшісі Вадим Москалецтің айтуынша, балаларға суда қауіпсіздік ережелерін ерте жастан үйрету өте маңызды. «Балалар міндетті түрде үлкендердің көз алдында болуға тиіс. Сонымен қатар бейтаныс жерлерде суға сүнгуге болмайды. Ашық су айдындарында тас немесе өткір заттар болуы мүмкін. Суда ойнап, бір-бірін батыру немесе күресу де қауіпті», — дейді маман.

Вадим Москалец балаларға төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуді де үйрету қажет екенін айтады. Оның айтуынша, егер бала суда қиын жағдайға тап болса, үрейленбей, терең тыныс алып, шалқасынан «жұлдызша» қалпында жатып, көмекке шақыру керек. Маманның сөзінше, балалардың қауіпсіздігі жаттығу барысында да ерекше бақылауда болады.

«Балалардың жасы неғұрлым кіші әрі жүзу деңгейі төмен болса, топтағы бала саны да аз болуы керек. Жаттықтырушы әр баланы үнемі бақылап отырады. Жаңадан үйреніп жүрген балаларға жүзу тақтайшалары, арнайы белдіктер мен жүзу қанаттары пайдаланылады», — дейді ол. Сонымен қатар балаларға бассейн аумағындағы тәртіп ережелері де түсіндіріледі. Яғни, жаттықтырушының рұқсатынсыз суға түспеу, бассейн жиегінде жүгірмеу, бір-бірін итермеу және өз жағдайын уақытында айту маңызды.

Вадим Москалец ата-аналардың жауапкершілігіне де ерекше тоқталды. «Ең бастысы – балаларды ешқашан қараусыз қалдырмау. Әр ата-ана баласына жүзуді және судағы қауіпсіздік ережелерін үйретуі қажет», — дейді ол.

P.S......

Быттыр күзде 2026 жылдан бастап Қазақстанда жүзу сабақтарын мектеп бағдарламасына енгізу бойынша пилоттық жоба басталатыны жарияланған еді. Бұл туралы Qazaq Aquatics Федерациясының Бас хатшысы Дмитрий Баландин Үкімет отырысында хабарлаған-ды. «Пилоттық кезең Астана мен Алматыда басталады, содан кейін бағдарлама бүкіл ел бойынша кезең-кезеңімен енгізілетін болады», — деген еді танымал спортшы. Ол Қазақстанда 360-тан астам бассейн бар, оның 35-і олимпиадалық стандарттарға (50 метр) сәйкес келетінін айтқан еді. Бұл жоба пилоттық қана емес, тұтас елді қамтуы керек екенін жаз айлары көрсетіп тұр.

Әсемай ЖӘНІБЕК,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

SPORT STYLE

13 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Футбол жанкүйерлері төрт жыл бойы тағатсыздана күткен дүбірлі дода басталды. Әлем көз тіккен мундиаль алғашқы күннен-ақ тартысқа толы кездесулерімен, күтпеген нәтижелерімен және жанкүйерлердің қызу эмоциясымен ерекшеленіп үлгерді. Чемпионатты Мексика құрамасы сәтті бастап, өз жанкүйерлеріне қуаныш сыйласа, Оңтүстік Корея алғашқы жеңісіне қол жеткізіп, плей-офф жолындағы маңызды қадамын жасады. Әлемнің әр түкпіріндегі миллиондаған көрермен көгілдір экран алдына жиналып, төрт жылда бір келетін футбол тойының қызуын сезіне бастаған секілді.



ТҮНҒЫШ РЕТ 48 ҚҰРАМА ҚАТЫСАДЫ

Футболдан Әлем кубогі – халықтарды жақындастыратын, құрлықтарды байланыстыратын, талай тағдыр мен арман тоғысатын жаһандық мереке. Биылғы мундиаль тарихта алғаш рет бірден үш елде – АҚШ, Мексика және Канада өтіп жатыр. Ұйымдастырушылар турнирді тек футбол бәсесі емес, әлемдік мәдени оқиғаға айналдыруға күш салған.

Бұған дейін Әлем кубогі белгілі бір елдің мерейін асыратын мереке саналса, биылғы дода тұтас Солтүстік Американың ортақ жобасына айналды. Үш мемлекетте бірдей ашылу салтанаты ұйымдастырылып, әлемдік музыка жұлдыздарының қатысуымен ауқымды концерттер өтуде.

Алайда биылғы мундиальдың айналасында дау-дамай аз емес. Билет бағасының шарықтауы, АҚШ-тың көші-қон саясатына қатысты сын-пікірлер, кейбір ел жанкүйерлерінің виза алуға қиындықтары Әлем кубогінің спорттық оқиғадан бөлек қоғамдық-саяси талқылаудың да өзегіне айналдырды. Сондықтан бұл жолғы мундиаль соңғы жылдардағы ең көп талқыланатын турнирлердің бірі болғалы тұр.

Биылғы жарыстың тағы бір ерекшелігі – Әлем кубогіне тұңғыш рет 48 құрама қатысып жатыр. Жаңа формат көптеген елдің тарихи жетістікке жетуіне жол ашты. Әсіресе, Орталық Азия үшін бұл чемпионат ерекше мәнге ие. Себебі Өзбекстан құрамасы тарихта алғаш рет мундиаль жолдамасын жеңіп алды. Құраманың басты жұлдыздарының бірі – Англия Премьер-лигасында өнер көрсетіп жүрген қорғаушы Абдукодир Хусанов. Еуропаның элиталық лигасында шындалған футболшы бүгінде өзбек футболының жаңа буынының символына айналды. Ал жақында команданың тізгінін ита-

МҰЖИТ АСҚАН МУНДИАЛЬ



лиялық футбол аңызы, 2006 жылғы әлем чемпионы Фабио Каннаваро қолға алды. Әлем кубогінің жеңген капитанның тәжірибесі мен талапшылығы Өзбекстан құрамасының мүмкіндігін одан әрі арттыра түсті. Сондықтан көптеген сарапшы дебютант құраманың топтық кезеңде ғана емес, плей-офф жолында да тосын сый жасауы ғажап емес деген пікірде. Сондай-ақ Иордания мен Кабо-Верде секілді құрамалар да Әлем кубогінің дебютанттары қатарында.

Футбол сарапшысы Бек Төлеуовтің айтуынша, турнир форматының кенеюі сенсациялардың көбеюіне ықпал етуі мүмкін.

– Ойын саны артқан сайын күтпеген нәтижелер де жиілейді. Әлсіздеу саналатын құрамалардың топтан шығуына мүмкіндік көбейеді. Ал фавориттерге түсетін салмақ арта түседі. Сондықтан биылғы Әлем кубогінде тосын оқиғалар аз болмайды. Қазақстандық жанкүйерлердің назарында көрші Өзбекстан құрамасы болатыны сөзсіз, – дейді сарапшы.

БАСТЫ ФАВОРИТТЕР

Мундиаль басталар алдында мамандар бірнеше құраманы басты фаворит ретінде атап отыр. Солардың көш басында Франция келеді. Франция соңғы екі Әлем кубогінде финалға дейін жетіп, әлем футболындағы тұрақтылығын дәлелдеді. Сондықтан Дидье Дешам шәкірттерінің тағы да фавориттер қатарында болуы заңдылық. Француздар бүгінде әлемдегі ең бай құрамалардың біріне ие. Тәжірибелі ойыншылар мен жас таланттардың үйлесімі команданың күшін еселей түседі.

– Франция – Әлем кубогінің басты фавориті. Құрамында Килиан Мбаппе бар және әр позицияда мықты футболшы табылады. Бірақ мен Португалия құрамасына жанкүйер боламын. Бруну Фернандеш пен Криштиану Роналду сияқты аңыздар трофей жеңуге лайық. Команданың орта шебі мықты және ойыншылардың тәжірибесі де, шеберлігі де аса жоғары деңгейде, – дейді сарапшы.

Футбол эстетикасын бағалайтын жанкүйерлердің көзі алдымен Испанияға түсетіні анық. Соңғы жылдары «қызыл фурия» бұрынғы философиясын сақтай отырып, оған жана қарқын мен жана тыныс қоса білді. Испания Әлем кубогіне Еуропаның қазіргі чемпионы ретінде келіп отыр. Луис де ла Фуэнте құраманы соңғы жылдары мүлде жана деңгейге көтерді. Бір

ретінде қабылданбайды. Бұл – бас бапкер Лионель Скалонидің ең үлкен жетістігінің бірі. Аргентина киын матчтарда шыдамдылық танытып, қарсыластың қарқынын бәсеңдетіп, қажет кезде мінез көрсете алатын командаға айналды. Олар жарқын футболмен емес, нәтижеге жұмыс істеуді жақсы меңгерген. Сондықтан қазіргі құрам бұрынғыдай жұлдыздарға толы болмаса да, чемпиондыққа таласатын негізгі үміткерлердің қатарында.

Бұл мундиаль Португалия үшін тарихи мүмкіндік болуы мүмкін. Өйткені құраманың алтын буыны әлі сапта, ал Криштиану Роналду үшін Әлем кубогіндегі соңғы жорық басталғалы тұр. Португалия да алтын жұлдеге басты үміткерлердің бірі ретінде аталады. Ұзақ уақыт бойы бұл құраманы Криштиану Роналдуға тәуелді команда ретінде бағалап келді. Алайда соңғы жылдары португалиялықтар мүлде басқа деңгейге көтерілді. Қазір олардың құрамында тәжірибе мен талант үйлесім тапқан, әр позицияда жоғары деңгейдегі футболшылар бар. Ең бастысы, команда үлкен матчтарда жеңіске жетуді үйренді. Былтырғы Ұлттар лигасындағы жеңіс соның айқын дәлелі болды. Ал Әлем кубогіндегі ықтимал жеңіс Португалияны футбол элитасының жаңа сатысына көтермек. Әрине, жанкүйерлер үшін басты интрига – Криштиану Роналдуның тағдыры. Әлем кубогінің кубогі оның ғаламат мансабындағы соңғы әрі ең үлкен марапатқа айналуы мүмкін. Сондықтан португалиялықтардың әр ойыны ерекше назарда болары сөзсіз.

Әлем кубогі – жаңа жұлдыздарды жарқыратып қана қоймай, тұтас дәуірдің аяқталғанын да айғақтайтын алаң. Биылғы аламан сондай ерекше сәттердің біріне айналғалы тұр. Өйткені әлем футболының соңғы жиырма жылына үстемдік еткен екі алып – Лионель Месси мен Криштиану Роналду үшін бұл Әлем кубогіндегі соңғы жорық болуы әбден мүмкін.

Қалай болғанда да, Әлем кубогі үлкен бір театрдың сахнасы іспеттес болып кетті. Бұл бәйгеде миллиондаған жанкүйердің арманы мен үміті тоғысып, жаңа қаһармандар дүниеге келіп, ескі аңыздармен қоштасатын сәттер туады. Алдағы апталарда жасыл алаңда талай тағдыр шешіліп, талай жүрек толқиды. Біреулер үшін бұл тарихи мүмкіндік болса, енді біреулер үшін соңғы мүмкіндік болуы мүмкін.

Мундиальдың басты сұлулығы да осында. Ол әр төрт жыл сайын әлемді бір сәтке болса да ортақ сезімге бөлейді. Биылғы чемпионат та сенсацияларға, драмаларға, ұмытылмас жеңістер мен өкінішті жеңілістерге толы болары анық. Ал сіз кімге жанкүйер боласыз?

С.БЕГІМБАЙ



Бұл мундиаль Португалия үшін тарихи мүмкіндік болуы мүмкін. Өйткені құраманың алтын буыны әлі сапта, ал Криштиану Роналду үшін Әлем кубогіндегі соңғы жорық басталғалы тұр. Португалия да алтын жұлдеге басты үміткерлердің бірі ретінде аталады.

Тіпті, негізгі құрамдағы ойыншылардың бірі жаракат алып қалса да, оның орнын толтыра алатын футболшылар жеткілікті. Мұндай ұзақ турнирде дәл осы фактор шешуші рөл атқаруы мүмкін. Оның үстіне, Килиан Мбаппе бастаған шабуыл шебі кез келген қарсыластың қорғанысын бұзуға қауқарлы. Бұл мундиаль Дидье Дешам үшін де ерекше. Өйткені 2018 жылы Францияны әлем чемпионы атандырған маман турнир аяқталған соң қызметінен кетіп, орнын Зинеддин Зиданға босатуы мүмкін. Сондықтан француздар бапкерін жеңіспен шығарып салуға бар күшін салары анық. Комментатор Дидар Есемов Францияны басты фаворит санайды.

кездері шексіз пас алмасуға құрылған ойын мәнерін өзгертіп, командаға қарқын мен өткірлік сыйлады. Бүгінде испандар әдемі әрі шабуылға негізделген футболдың үлгісін көрсетіп жүр. Сондықтан көпшілік олардан тек жақсы ойын емес, чемпиондық үшін күрес күтеді. Дегенмен құраманың алдында белгілі бір қиындықтар да жоқ емес. «Алтын доп» иегері Родри ауыр жаракаттан кейін әлі толық бабына келе қойған жоқ. Ал Еуропа чемпионатында жарқыраған Нико Уильямс пен Микель Мериноның жағдайы да алаңдатады. Бұған қоса, жана буының көшбасшысы саналатын Ламин Ямаль топтық кезеңнің алғашқы матчтарын өткізіп алуы мүмкін. Соған қарамастан Испания әлі де басты фавориттердің бірі саналады.

Аргентина бұл жолы бұрынғыдан өзгеше көңіл күймен келіп отыр. Төрт жыл бұрын Қатарда жеңіске жеткеннен кейін аргентиналықтардың иығынан ауыр жүк түскендей болды. Лионель Месси көптен күткен Әлем чемпионатының кубогін көтеріп, футболдағы ең үлкен арманына қол жеткізді. Соның арқасында команда бұрынғыдай бір ойыншыға тәуелді ұжым



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы – Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баһи ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4750
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,